Алатау
Газет 2000 жылдан шыға бастады
№52 (951)
27.12.2019
Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета
@ alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ЖАҢА ЖЫЛ - 2020

# ПРЕЗИДЕНТТІК ШЫРША шамын жақты

**ЖЫЛДАҒЫ ДӘСТҮР БОЙЫНША ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ЖАСТАР» СПОРТ САРАЙЫНДА ПРЕЗИДЕНТТІК ШЫРША МЕРЕКЕСІ ӨТТІ. ОҒАН ОБЛЫСТЫҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНЕН КЕЛГЕН ЖЕТІМ БАЛАЛАР, АЗ ҚАМТЫЛҒАН, КӨПБАЛАЛЫ ЖӘНЕ ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫЛАРЫНАН ШЫҚҚАН – ЖАЛПЫ САНЫ 200 ОЗАТ ОҚУШЫ ҚАТЫСТЫ.**



Жаңа жылдық шырша тойының шымылдығын «Талдықорған әуендері», «Алтынай» би ансамбльдерінің және Қапшағай қалалық балалар шығармашылығы орталығының жас өнерпаздары ашты. Талдықорғандағы №42 балабақшаның бүлдіршіндері тақпақ айтып, мың бұрала би биледі. Көңілді кеште облыс әкімі Амандық Баталов балғындарды жаңа жылдарымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді:

- *Бүгінгі Президенттік шыршаға облыстың әр түкпірінен өздерің сияқты дарынды, үлгілі балалардың жиналғанына аса қуаныштымын. Сендер барлықтарың да ақылдысыңдар. Сондықтан да біз сендерді еліміздің болашағы ретінде көріп, зор үміт артамыз. Жаңа жылда аңсаған арман-тілектерің орындалып, қуаныштарың көбейе берсін!* - деді. Сонымен бірге өңір басшысы балаларға Президенттің атынан жаңа жылдық бағалы сыйлықтар үлестірді.

Өз кезегінде балдырғандар да шырша мерекесін өткізіп, өздерін мол қуанышқа бөлеген Ел Президенті мен облыс әкіміне ризашылықтарын жеткізді. Талдықорғандағы № 16 мектеп-гимназияның 3 сынып оқушысы, «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушісі Анастасия Степанованың қазақ тіліндегі жаңа жылдық құттықтауына жиылған жұрт ыстық ықыласпен қол соқты. Үлкен экрандағы сағат тілінің кері шегерілуімен Президент шыршасы да шамын жақты. Өңірдің атқамінерлері балалармен бірге шырша айналып, ән салды. Тарих қойнауына кетіп бара жатқан Доңыз жылын шығарып, жаңа Тышқан жылын қарсы алды. Аяз ата мен Ақша қар бүлдіршіндермен әлем елдеріне саяхат жасап, жаңа жылдық ғажайыптарға куә болды.

Мерекелік кештің сәнін арнайы шақырылған өнерпаздар асырды. Әсіресе цирк әртістерінің, гимнастика шеберлерінің, фокусшылардың, жонглерлердің қойылымдары жиналғандарды өзгеше әсерге бөледі. Кеш барысында мерекелік дастархан жайылып, балалар тәттілерден дәм татты. «Алға, жастар!» флешмобы мерекелік концертті түйіндеді.

**А.НАЗЫМҰЛЫ.**

БАСПАСӨЗ - 2020

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне 2020 жылға жазылу басталды.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:
редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін
1 жылға – 4470, 20 теңге.
ауыл тұрғындарына
1 жылға – 4700, 80 теңге.

Началась подписка на 2020 год на общественно-политическую газету «АЛАТАУ».

ЦЕНА ПОДПИСКИ:
с редакции
1 год – 3640 тенге.
для города областного значения
1 год – 4470, 20 тенге.
для сельского населения
1 год – 4700, 80 тенге.

Индексі: 15534

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА

# ЖАҢА ҒИМАРАТТАР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

***Райымбек ауданында бірнеше жаңа әкімшілік ғимараттар ашылып, пайдалануға берілді. Соның ішінде сервистік әкімдік, аудандық әкімдік ғимараты және республикалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер отыратын ғимарат облыс әкімі Амандық Баталовтың Райымбек ауданына жасаған сапары барысында есігін айқара ашты, - деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.***



Облыс әкімі Амандық Баталовтың сапары Нарынқол ауылында салынып жатқан дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстарымен танысудан басталды. Құрылысын «Фуд МС» ЖШС жүргізіп жатқан нысанның аумағы 4 мың шаршы метрден астам. Мұнда күрес, бокс залдары, футбол, баскетбол, гандбол, волейбол алаңдары мен шынығу залы, массаж кабинеті және басқа да қажеттіліктер қарастырылады. Облыс әкімі мердігер компанияға құрылыс жұмыстарына қарқын қосу керектігін ескертті. Нысан құрылысымен қоса айналасын абаттандыруды да атқару керектігін айтты. Дәл осы кешенге қарсы бетте 83 тұрғын үйдің салынатын орны белгіленіп, құрылыс жұмыстарына дайындық жүріп жатыр. Соның ішінде екі кезеңмен 33 үй салынады. Олардың жалпы жобалық құны – 705 млн. теңге шамасында. Амандық Баталов тұрғын үйлердің құрылысымен ғана айналысу аздық ететінін айтты. Оның айтуынша, мұнда жарықтандыру, көгалдандыру, арық жүйесі, үй қоршаулары, жолы мен тротуары бар жаңа көше пайда болып, жаңа құрылыстардың өзі шағын қалашыққа айналуы тиіс.

Мұнан соң облыс басшысы бастаған ресми өкілдер республикалық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер отыратын ғимаратқа барды. Жаңадан салынған бұл нысанның ішінде аудандық кірістер, статистика, қазынашылық басқармалары орналасқан. Амандық Баталов мекеменің жұмыс кабинеттерін аралап, жасалған жағдайлармен танысты.

Нарынқол ауылында жаңадан салынып жатқан «Азаматтарға арналған үкімет» ғимараты да назардан тыс қалған жоқ. Мұнан кейінгі нысан сервистік әкімдік болды. Мұнда «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыспен қамту, білім, жер қатынастары, ветеринария және басқа да жалпы саны 7 мемлекеттік қызмет көрсетіледі, 30 адам жұмыспен қамтылған. Облыс әкімі Амандық Баталов қызметшілермен тілдесіп, жұмыс барысымен танысты. Мәселен, Ел-Аман Аманбек Райымбек ауданы жаңадан құрылған сәтте «Жастар практикасы» бағдарламасымен туған жеріне оралып, осы өңірде орнығып қалған. Ал Азат Исадін Алматы қаласындағы жұмысын тастап, кіндік қаны тамған жерге қайтып, қызмет етуді жөн деп тапқан. «Жаңадан құрылған ауданның аяғынан тік тұруына қызмет етіп, үлес қоссақ деген ниетпен келдік», – дейді жас мамандар.

Аудандық әкімдіктің жаңа ғимаратына барған облыс басшысы Амандық Баталов мемлекеттік қызметшілердің жұмыс кабинеттерін аралап көрді. Жаңа нысандардың мүмкіндіктерімен танысып болғаннан кейін аудан активімен жиын өткізді.

Өңір басшысы Елбасының тарихи шешімімен өз алдына бөлек іргe тіккен Райымбек ауданын қайта түлетуге мемлекет тарапынан барынша көмек көрсетіліп жатқанын атап өтті.

– *Жаңа жылдың алдында Нарынқолда салынған жаңа ғимараттарды іске қосып, өздеріңізбен жүздесуге келдім. Бұл аяқталған жұмыстар қалпына келтіру ісінің бір белесі ғана. Осы ауқымды жұмысты бастаған Жолан Омаровқа рахмет айтамыз. Не нәрсенің де бастауы қиын. Сол басталған жұмысты ары қалай ауданның қазіргі басшысы Нұржан Құдайбергенов өздеріңізбен бірге оңды жалғастырып келеді. Біз ауданға барынша қолдау көрсетіп келеміз. Нарынқол өңірін дамытуға 7 млрд. теңге бағыттап отырмыз. Оған ауыз су жүйесі, жолдар, әлеуметтік маңызды нысандар салынады. Сервистік-дайындау орталықтарын құрып, ауыл шаруашылығына да тиісті жәрдем көрсетілді. Бұған дейін 20 тұрғын үйді пайдалануға бергенбіз, алдағы уақытта тағы 33 үй іске қосылады. Бұл құрылыстар жас мамандарды үймен қамтуға үлкен мүмкіндік беріп отыр. Біздің ең басты байлығымыз – халық. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халықтың әл-ауқатын арттыру туралы тапсырмасына сәйкес тұрғындардың өмір сапасын арттыруға жағдай жасау – басты міндетіміз. Осы жолда Нарынқол өңірінің азаматтары да үлкен үлес қосуда. Тәуелсіздік күні қарсаңында облыстың 60-тан астам азаматы мемлекеттік наградаға ие болды. Солардың ішінде Райымбек ауданының да азаматтары бар. Жаңа аудан бұдан да биік табыстарға жете берсін! Жаңа жыл баршаңызға құт-береке әкелсін* – деді А. Баталов.

Жалпы Райымбек ауданына бүгінде 2 мыңға жуық тұрғын қайта оралған. Соның 1 мыңдайы – жас маман. Ауданды қалпына келтіріп, дамыту үшін 2018 жылы облыстық бюджеттен 1,8 млрд. теңге бөлінсе, биылғы жылы қаржыландыру 3,9 есеге артып, 7 млдр. теңгеге жеткен.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

ДОСТЫҚ ҮЙІНДЕ

**ДОСТЫҚ ҮЙІНДЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ, ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ АМАНДЫҚ БАТАЛОВ АССАМБЛЕЯ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ. КЕЗДЕСУДЕ ОБЛЫС ӘКІМІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНАН КОРЕЯЛЫҚ ЕМХАНА САЛУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС АЙТТЫ.**

# КОРЕЯЛЫҚ ЕМХАНА САЛУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС

Кездесуде Амандық Баталов жыл қорытындыланатын шақта Ассамблея мүшелерімен кездесуге арнайы келіп отырғанын атап өтті. Облыстың биылғы жылды жақсы көрсеткіштермен аяқтағанын айтып, өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы және басқа да маңызды салалардағы жетістіктерді тілге тиек етті. Сол сияқты Елбасының өзі төрағалық ететін Ассамблеяның алдына қойған міндеттерінің, Мемлекет басшысының Жолдауындағы тапсырмаларының облыста өз деңгейінде орындалып жатқанын жеткізді. Оған өңірдегі Ассамблея мүшелерінің қосып отырған үлесі зор екенін де атап өтті.

28 қарашада Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы К.Көшербаевтың қатысуымен Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кеңейтілген отырысы болды. Сол жиында Алматы облыстық Ассамблеясының жұмысы жоғары бағаланып, оң тәжірибесі республиканың барлық өңірлеріне үлгі ретінде ұсынылды. Бұл – біздің бірлесіп атқарған жұмысымыздың нәтижесі. Сол үшін сіздерге үлкен рахмет айтамын, - деді А. Баталов. Осыдан кейін жыл қорытындысы бойынша бірқатар азаматқа наградалар табыстады.

«Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалі» қоғамдық медалімен «Алматы облыстық славян қозғалысы» ҚБ төрайымы Наталья Белик, Еңбекшіқазақ ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Савелий Карасивиди және «Қазақстан ұйғырларының республикалық орталығы» ҚБ Алматы облыстық филиалының төрағасы Закирджан Кузиев, «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымберкебаев марапатталды. Сол сияқты этносаралық татулық пен келісімді нығайтуда белсенді жұмыс атқарған бірқатар азамат Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жомарт жан» төсбелгісімен, Құрмет грамотасымен, ҚР Премьер министірінің Алғыс хатымен және Алматы облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Жиында «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы аумақтық штабының белсендісі, Ақсу ауданы Қапал ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы Владимир Чеппель, «Милосердие» қоғамдық - қамқоршылық қорының атқарушы директоры Лариса Янина, ҚХА жанындағы кәсіпкерлер қауымдастығының мүшесі Закирджан Кузиев, облыстық кәріс орталығының басшысы Владимир Ли сөйлеп, атқарған істері жөнінде қысқаша баяндады. Мәселен, В. Ли тарихи Отаны Оңтүстік Кореямен іскерлік байланыс орнатудағы қадамдарына тоқталды. Соның ішінде денсаулық сақтау саласындағы қарым-қатынас, ауыл шаруашылығы, атап айтқанда күріш өсірудегі агротехнологияны жаңарту және басқа да шаралар бар. Осы орайда облыс әкімі А. Баталов Оңтүстік Кореядағы іскер азаматтарға Талдықорған қаласынан кореялық технологиямен, құрал-жабдықтармен жарақтандырылған емхана салу туралы ұсынысты жеткізуді сұрады. Бұл істі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігі негізінде қолға алуға болатынын айтты. Бұл өз кезегінде диагностика мен ем үшін шетелге сабылатын тұрғындар үшін үлкен көмек болар еді.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

МАРАПАТ

# МІНСІЗ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН

***Алматы облысының қорғаныс істері жөніндегі Департаменттің бастысы, полковник Талғат Дәулетханов қорғаныс істері жөніндегі департамент қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің атынан марапаттады.***



Мінсіз қызмет атқарды деп танылған басқарма мен бөлімдердің әске-ри қызметшілерінің ең-бегі бағаланды. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметкері С.Байғарашеваға әскери басқару органдарында 40 жыл жұмыс істегені үшін "Еңбек ардагері" медалі табысталды. Ал Е. Құдайберген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы генерал-майор К.Мәсімовтің атынан II дәрежелі төсбелгімен марапатталып, шекара әскерінің үздігі атанды. Абыройы биік бұл атаққа ол қазақ-қырғыз шекарасын кесіп өтпек болған қырғыз азаматының заңсыз әрекетіне тосқауыл болып, жолын кескені үшін ие болды.

Айта кетейік, ағымдағы жылды облысымыздың қорғаныс саласының мамандары үлкен абыроймен аяқтады.

**Есет ДӘУРЕНБАЕВ,**
**Талдықорған қаласы Қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығының әскери патриоттық және Қарулы Күштер ардагерлерімен жұмыс жөніндегі көмекшісі.**

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

# Жаңа жыл жауын шашынды болады



***Тышқан жылын қазақстандықтар құбылмалы ауа райымен қарсы алмақ. Елдің оңтүстік аймақтары жаңа жыл күні қар аралас жаңбырлы болады деп күтілуде.***

Ал, шығыс және солтүстік өңірлерде нағыз қыс басталады. Кей жерлерде ауа температурасы 25-ке дейін төмендейді. Мектептерде сабақ тоқтатылуы мүмкін. Әзірдің өзінде солтүстік үш облыста жолдар әліден жабық. ІІМ ТЖК өкілдерінің хабарлауынша, 26 желтоқсандағы жағдай бойынша Ақмола облысында "Нұр-Сұлтан-Ерейментау-Шідерті" автожолы (16-шақырымнан -242-шақырымға) учаскесінде жолдар жабылды. Шығыс Қазақстан облысында 25 желтоқсанда ауа райының қолайсыздығына (боран, жолдың нашар көрінуі) байланысты "Өскемен-Шемонаиха" автожол учаскесінде автокөліктің барлық түрі үшін қозғалыс шектелді. Павлодар облысында ауа райының қолайсыздығына байланысты (боран, көрінбеу) "Нұр-Сұлтан-Ерейментау-Шідерті" автожолы (200-242 шақырым) учаскесінде жолдар жабылды. Сондай-ақ, "Қызылорда-Павлодар" автожолында барлық көлік түрі үшін қозғалыс тоқтатылды.

Алматы облысында келер аптаның басына дейін ауа райы тұрақты, күн жылы болмақ. Тек сәрсенбіден бастап күн суытады, көк тайғақ болып тұман түсуі ықтимал. Қалыпты температурадан көп төмендемесе де, ауадағы ылғал мөлшерінің артуы үсік қатерін тудырады. Төтенше жағдайлар қызметі тұрғындарға алыс жолға шығарда абай болуды ескертеді.

Еске сала кетейік, өткен аптада елімізде ауа райының қолайсыздығына байланысты 1000-нан аса көлік жолда тұрып қалып, 104 жол апатының салдарынан 39 адам қаза тауып, 158 адам түрлі дене жарақатын алған.

**«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»**

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ФОРМИРОВАНИЕ АВИАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ И ЕЕ РОЛЬ В БОРЬБЕ С САРАНЧОЙ (сер. 1920-Х г.)



Первый на территории Казахстана аэродром был создан еще в 1913 г. в Оренбурге, бывшей столице республики, когда здесь, наряду с четырьмя российскими городами, впервые открылся местный аэроклуб. По функциональным возможностям он соответствовал аэродромам второго, то есть среднего, класса.

На территории современного Казахстана первые аэродромы появились в 1924 г. и были предназначены для приема не пассажирских, а лишь только специальных агитационных самолетов из Москвы. Причем в строительстве этих аэродромов государство вообще не участвовало по той простой причине, что после окончания гражданской войны государственные органы повсеместно, включая и Казахстан, испытывали острейшую нехватку денежных средств.

Сложившаяся ситуация была предельно ясна: для создания в стране воздушного флота, практически целой экономической отрасли, требовалось массовое участие всего населения, что предполагало осуществление широкомасштабной идеологической работы. Поэтому в мае 1923 г. в СССР было создано Общество друзей воздушного флота (ОДВФ), призванное «содействовать самолетостроению, распространять авиационные знания и привлекать молодежь к овладению самолетом». Рекламные плакаты, призывавшие население покупать акции ОДВФ, были результатом работы идеолога А. Родченко, который сотрудничал с известным поэтом Владимиром Маяковским. Поэтому-то его реклама несла оттенок излишней напористости. И здесь достаточно привести лишь одну фразу: «Тот не гражданин СССР, кто не «Добролета» акционер».

Благодаря усилиям казахстанских акционеров ОДВФ, за короткий период - с начала 1924 г. и до начала 1925 г. - были созданы 14 аэродромов для приема самолетов из Москвы и оборудовано значительное количество площадок для взлета и посадки самолетов на огромную по тем временам сумму - 550 тыс. руб.

Надо отметить, что, в силу сложившихся чрезвычайных обстоятельств, при эксплуатации первых самолетов в Казахстане первостепенное значение придавалось тогда не перевозке авиапассажиров, а борьбе с сельскохозяйственными вредителями. Эта проблема была весьма жгучей не только для Казахстана. Она приобрела тогда поистине глобальный характер, коснувшись многие развитые страны мира, включая Америку и Европу, а также азиатские государства (например, Филиппины, Малайзия и др.).

Необходимость своевременного решения этой проблемы усложняла и без того нелегкие задачи молодой казахстанской авиации как единственно эффективной силы по борьбе с сельскохозяйственными вредителями. К тому же, из-за ограниченных возможностей, в Казахстане, как и в других национальных республиках, еще даже не существовали санитарные авиационные звенья. Поэтому и существовавший метод борьбы с саранчой был примитивным. Самолеты специально приземлялись вблизи населенных пунктов, чтобы летчики с помощью сельских жителей могли приготовить отраву. Пилоты смешивали привозимый жмых с ядом и грузили его на самолет. Отрава разбрасывалась с воздуха по тем местам, где наблюдалось наибольшее скопление саранчи.

В 1924 г. Народным комиссариатом СССР по земледелию при содействии ОДВФ начались опыты по борьбе с саранчой по совершенно новому способу. Созданный специальный аппарат для распыления порошкообразного яда устанавливался в кабине летчика, и пилот сам разбрасывал отраву. Яд разбрасывался на высоте 15-20 метров на площади объемом 25 гектаров. В результате за один час полета самолет опылял приличную площадь - около 100 гектаров.

Первая авиационная экспедиция для борьбы с азиатской саранчой в Казахстане, созданная Народным комиссариатом СССР по земледелию, прибыла в 1927 г. из Москвы в Кызыл-Орду, тогдашнюю столицу республики. Прибывшие экипажи развернули работу по уничтожению саранчи и



прежде всего в плавнях Сырдарьи, так как именно здесь она плодилась и отсюда разлеталась во все стороны.

Надо сказать, что эффект борьбы с саранчой зависел от применения того или иного метода. Какие же методы борьбы с саранчой применяли казахстанские авиаторы? Наиболее распространенным у них был филиппинский метод, который давал весьма ощутимые результаты. Суть его состояла в том, что к борьбе с саранчой привлекались одновременно 2 самолета. Один экипаж с помощью фотосъемки производил разведку места нахождения саранчи и фиксировал маршрут ее полета. А другой экипаж выполнял непосредственные действия по истреблению саранчи, применяя мышьяковистый кальций в виде порошка, который распылялся с самолета из особого ящика.

При первом опыте истребление саранчи производилось поздно вечером, когда саранча располагалась на ночлег. Утром выяснилось, что погибло около половины всей саранчи, а другая половина выжила. Тогда был применен другой метод. Вместо непосредственной атаки экипаж самолета стал рассыпать в вечернее время отраву по пути следования саранчи. В результате авиаторам удалось истребить целиком всю саранчу.

В конце 1931 г. Народный комиссариат по земледелию Казахстана организовал в республике постоянную авиабазу сельскохозяйственной авиации, которая вскоре была разделена на две равные части - Северную и Южную. И это привело к ощутимым сдвигам в борьбе с саранчой. Уже через год, то есть в конце 1932 г., сельскохозяйственная авиация Казахстана по объему выполненной работы заняла одно из ведущих мест в СССР. Причем в процентном соотношении доля казахстанских авиаторов составила 46 процентов работ, выполненных всеми авиаторами страны.

**Рахман ДЖАНАБАЕВ,**
**кандидат исторических наук, доцент,**
**Лауреат Премии Академии наук РУЗ**

# ЕЛКА ДОБРА



Благотворительные новогодние елки организовали волонтеры Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган. Более 87 детей из многодетных и малообеспеченных семей были приглашены на театрализованное представление новогодней сказки с участием любимых персонажей.

В рамках социальных проектов по служению обществу волонтеры также посетили воспитанников детского дома «Айналайын», «Дома Ребенка», реабилитационного центра «Байтерек», «Дом мамы». Веселые конкурсы, новогодние подарки, танцевальный флешмоб и дружный хоровод подарили гостям мероприятия не только праздничное настроение, а самое главное веру в светлое будущее.

- Каждый из нас может на мгновение стать настоящим Дедом Морозом и подарить новогоднюю радость маленькому ребенку. Ни только волонтер способен безвозмездно, добровольно приносить пользу обществу, это может сделать каждый из нас. Делать на благо других то, что тебе нравится, - поделился своим мнением ученик 9 класса Дамир Қабылбек.

На протяжении двух месяцев в стенах Интеллектуальной школы длилась благотворительная акция «Елка добра». Родители, учителя и ученики школы приносили вещи, игрушки, книги, сладости.

- Давайте будем добрее друг к другу. И самое главное, мы должны быть добрее к нашим самым маленьким жителям нашего города. Думаю, что такие акции должны стать частью нашей жизни», - говорит Молдир Бураханова, ученица 11 класса.

**НАСТУПИЛА ЗИМА. ВОТ УЖЕ СНЕГ ХРУСТИТ ПОД НОГАМИ. ПРИБЛИЖЕНИЕ НОВОГО ГОДА ВСЕ ОЩУТИМЕЕ. А ГЛАВНОЕ СИМВОЛ ПРАЗДНИКА, КОНЕЧНО ЖЕ, ЕЛКА УКРАШЕННАЯ ИГРУШКАМИ.**

# СПАСЕМ ЕЛОЧКУ!

В древние времена люди обожествляли природу и верили в существование духов, живущих преимущественно в лесах на хвойных деревьях. Ель же, как и другие вечнозеленые растения, символизировала вечную жизнь, поэтому именно она фигурировала в ритуалах зимних праздников. Но есть, и обратная сторона медали, когда появляются «елочные браконьеры», которые незаконно вырубают в лесах ели для украшения своих домов. Такие традиции ставят под угрозу наши хвойные леса. Чтобы вырастить хвойный лес необходимо 120 лет. К новогодним праздникам срубаются десятки тысяч елок и сосен, которые через 10 дней превращаются в мусор. И именно такое варварское отношение к природе и приводит к различным природным катаклизмам.

С целью охраны хвойных насаждений ежегодно на территории Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП сотрудниками филиала совместно с правоохранительными органами ведется усиленно охрана хвойных деревьев. Охрана ведется в обходах, на КПП, а также в урочищах, где произрастают хвойные насаждения пихты. В школах сотрудники проводят лекции среди молодого поколения, среди местного населения беседы с целью недопущения самовольной порубки.

Дорогие граждане призываем всех использовать для украшения своих домов искусственные елки. Делая выбор в пользу искусственной елки, вы делаете вклад в сохранение лесов и улучшение экологии. Сохранение каждой елки означает сохранение дома для животных, птиц и насекомых. Искусственная елка оправдывает свою покупку с экономической точки зрения. На искусственную елку стоит потратиться раз и можно пользоваться ей каждый год в течение, по меньшей мере, 10 лет.

Рубить и наряжать елку к новому году – это



традиция. Но ведь радость можно создать, не принося вреда живому. Ведь символы мы можем смастерить сами, своими руками. А елочки пусть останутся в лесу, радуют нас своей красотой и выполняя бесценную работу – очищая нашу планету от загрязненного воздуха.

**Р. АБДУХАЛИКОВ,**
**Гос.инспектор Черновского ИУ**
**Лепсинский филиал**
**РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

**БАСПАНА**

# ҮЙІ БАРДЫҢ – КҮЙІ БАР

***2019 жыл – баспаналы болуды армандаған талдықорғандықтар үшін өте табысты болды. Жыл басынан бері «Нұрлы Жер», «Бақытты отбасы» бағдарламалары бойынша жүздеген көпбалалы отбасы мен кезекте тұрған жандар көптен күткен жаңа қоныстарына қол жеткізді.***

Соңғы жылдары облыс орталығының инфрақұрылымын дамыту мақсатында көптеген әлеуметтік нысандар бой көтерген. Соған орай халықты баспанамен қамту жоспары да ойдағыдай іске асуда. Қалада жаңа шағын аудандардың бой көтеріп, онда мыңдаған отбасының қоныстануы сезімізге дәлел. Ал армандаған пәтерін алуға кезекте тұрған азаматтар үшін тұрғын үйлерді салу әлі де қырқынды жүргізіліп келеді. Талдықорған қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі берген ақпаратына сүйенсек, 2019 жылы қала тұрғындарына мемлекеттік тұрғын үй қорынан 404 пәтердің кілті табысталған. Оның 230-ы «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшыларына, 174-і кезекте тұрғандарға берілген. Осылайша мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған 9 отбасы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған 18 адам, I және II топ мүгедектерінен 13, 74 көпбалалы отбасы және 33 толық емес жанұя баспаналы болды. Сонымен қатар, 10 зейнеткер, 1 мүмкіндігі шектеулі және ҰОС ардагері, 5 бюджеттік ұйым қызметкері мен мемлекеттік қызметкерлер және созылмалы сырқатқа шалдыққан 1 адам армандаған пәтер кілтін қолына алса, демеушілердің арқасында 10 пәтер ауған соғысына қатысқан ардагерлерімізге табысталған. Тағы 103 баспананың кілті «Бақытты отбасы» бағдарламасы арқылы алынған. Оның 22-і көпбалалы, 63-і толық емес және 18-і мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасыларға берілген.

**2019 жылы қала тұрғындарына мемлекеттік тұрғын үй қорынан 404 пәтердің кілті табысталды. Оның 230-ы «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшыларына, 174-і кезекте тұрғандарға берілді.**

Осымен бірнеше жыл қатарынан халықты баспанамен қамтамасыз ету «Нұрлы Жер» бағдарламасы аясында жүзеге асып келеді. Осының аясында I топтағы мүгедектер мен жетім балалар арендалық үй, аз қамтылған азаматтар арнайы баспана ал табысы мен жинақтары бар азаматтар «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы пәтер алуға мүмкіндіктері бар. Адамдардың түрлі әлеуметтік жағдайын ескере отырып жасақталған жүйенің тиімділігіне бүгінде барлығының көзі жетті. Естеріңізде болса, жыл басында талдықорғандық 56 отбасы көптен күткен баспаналарына ие болған еді. Қаламыздың жаңа 8-ші шағын ауданында салынған көпқабатты үйге ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті облыс бойынша департаментінің 49 қызметкері қоныс тепкен. Ал қалған 7 пәтерді «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» салымшылары алған. Одан бөлек, аталған бағдарлама шеңберінде қаланың Оңтүстік-Батыс тұрғын ауданы мен «Шығыс» шағын ауданында да тағы 4 көпқабатты үйдің құрылысы аяқталып, тұрғындарға берілген. Соның біреуі «Шығыс» шағын ауданындағы жалпы көлемі 1,6 мың шаршы метрді құрайтын коммуналдық тұрғын үй. Ондағы 20 пәтер баспана үшін кезекте тұрғандарға берілді. Ал «Болашақ» шағын ауданында бой көтерген 16 қабатты үш үй «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» салымшыларына табысталған. Кредиттік пәтерлер кілтін Елорда күніне орай облыс басшысы Амандық Баталов 230 отбасыға салтанатты түрде табыс еткен еді. Айта кетерлігі қаланың Оңтүстік-Батыс аймағында бой көтерген осы үйдің бірінші қабатында медициналық көмек көрсету орталығы мен алғашқы технопарк «Jetisy hub» IT орталығы жұмыс істеп тұр.

**Алдағы 2020-2021 жылдарға жалпы аумағы 27,7 мың м² болатын 301 коттедж үйдің құрылыс жұмыстарын бастау көзделуде. Бекітілген жоспарға сай «Бірлік» шағын ауданында 1543 пәтерлі 9 үй салынбақ.**

Ал өтіп бара жатқан жылдың тағы бір айшықты белгісі көпбалалы аналарға коттедж қалашығынан үй берілгені еді. «Береке» мөлтек ауданы деген атауға ие шаһардың жаңа аймағында жалпы ауданы 13,9 мың шаршы метр болатын 155 коттедж үй бой көтерді. Облыс әкімі Амандық Баталов қала күні қарсаңында баспаналардың кілтін көпбалалы аналарға, ауған соғысының ардагерлері мен үй кезегінде тұрған отбасыларға табыс еткен болатын. Бұл талдықорғандықтарды ғана емес барлық облыс жұртшылығын қуанышқа бөлеген сәт болды. Ал күні кеше Тәуелсіздік күніне орай I, II топтағы мүгедектер, толық емес және көпбалалы отбасылар жаңа үйде қоныс тойын тойлады. Өңір басшысы кілтін табыстаған 100 баспананың 55-і коттедж, ал қалғаны қайталама тұрғын үй нарығынан сатып алынған үйлер. Салтанатты шара барысында Амандық Ғаббасұлы тұрғын ауданының инфрақұрылымын одан ары дамыту мақсатында қалашық аумағында мектеп, балабақша, саябақ пен басқа да нысандар салу жоспарда барын айтты.

**Жалпы, 2020-2022 жылдар еншісінде «Болашақ», «Көктем», «Бірлік» шағын аудандары мен қаланың Оңтүстік-Батыс аумағында 4 627 пәтерлі 111 үйдің құрылысын бастау жоспарланған.**

Осымен қаламыздағы тұрғын үйлер мен түрі әлеуметтік нысандардың құрылысы тоқтамақ емес. Осылайша алдағы 2020-2021 жылдарға жалпы аумағы 27,7 мың м² болатын 301 коттедж үйдің құрылыс жұмыстарын бастау көзделіп отыр. Қала құрылыс бөлімінің берген мәліметінше, бекітілген жоспарға сай «Бірлік» шағын ауданында 1543 пәтерлі 9 үй салынбақ. Сондай-ақ 2020-2022 жылдар еншісінде «Болашақ», «Көктем», «Бірлік» шағын аудандары мен қаланың Оңтүстік-Батыс аумағында 4 627 пәтерлі 111 үйдің құрылысы да бар.

**Айсұлу ӘБІШЕВА**

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

**ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ГҮЛСАРА ЖАҚЫПОВА ҰЛЫНЫҢ ШЕТЕЛГЕ ОҚУҒА КЕТУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТЕН ҚАҒЫЛҒАН. ОСЫНДАЙ ІРІЛІ-ҰСАҚТЫ АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТУРАСЫНДАҒЫ ОҚИҒАЛАР ЕЛДІҢ ӘРБІР ӨҢІРІНДЕ ОРЫН АЛУДА. КЕЙБІРІНІҢ ІСІ ТЕЗ ШЕШІМІН ТАУЫП ЖАТСА, ЕНДІ БІРЕУЛЕРІ ӘР ЕСІКТІ БІР ҚАҒЫП, ӘУРЕ-САРСАҢҒА ТҮСУДЕ.**

# ЖАҢА ЖЫЛДАН БАСТАП ЖӘРДЕМАҚЫ ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?



Желтоқсанның 20 күні өткен Ұлттық кеңестің екінші отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көпбалалы аналарды қолдау алдағы жылда да жалғасын табатынын айтты. Президент қазіргідей жаһандық экономикалық қиын жағдайда өз азаматтарын қолдауды тоқтатпаған елдердің аз екенін еске салды. Қазақстан Тәуелсіздігін алған тұста мемлекет бюджеті ел азаматтарын әлеуметтік қолдауды көтермейтін еді. Бірақ, халықтың жағдайы бұл мәселені күн тәртібіне ұдайы қоя бастады. 2001 жылы ел тарихындағы маңызды құжат атаулы әлеуметтік көмек туралы заң қабылданды. Содан бері қоғамның әлжуаз топтары осы заң аясында мемлекеттің қолдауын сезініп келеді. Алайда, мұндай заң барын енді біліп жатқандар да баршылық. Себебі де жоқ емес. 2018 жылы Елбасы атаулы әлеуметтік көмектің жаңа форматта халыққа берілетінін айтқаннан кейін жұрттың қызығушылығы жаппай артты. Көп жылдар бойы көптің назарынан тыс қалып, биыл даудан көз ашпаған бағдарламаны билік келер жаңа жылға тағы өзгеріске жіберді. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін заңның басты ұстанымы «масылдыққа жол бермеу».

Атауы айтып тұрғандай, бұл көмек елдегі кедейлік шегіндегі азаматтарға көрсетіледі. Биыл екі миллионнан астам, нақтырақ айтсақ 432 мың отбасы мемлекет қолдауына ие болған екен. Бұл жайында Мәжіліс депутаты Гүлжан Қарақұсова көмекке жүгінген жұрттың көптігіне күйініп, халықты «дайын асқа тік қасық», - деп айыптаған болатын. Ал, көптеген экономистердің пікірінше, бұл елдегі әлеуметтік жағдайдың төмендегенін мойындағаннан кейінгі бастама деді .

Алматы облысы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Мәулен Бағдаулетұлы жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек пен көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақыға өтініштерді қаңтар айынан бастап қабылдауға сақадай-сай екендігін жеткізді. Оның сөзінше, атаулы әлеуметтік көмектің келер жылғы бюджетіне 14 млрд. теңге қарастырылған. Оның 16.6 пайызы республикалық бюджеттен бөлінсе, 3,4 пайызын өңір қорынан алу жоспарда. Айта кетерлігі, қазір Алматы облысында атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алатын 56 мың отбасы бар. Бұл 250 мың ересек, 139 мың бала. Көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы да көптің түсініспеушілігін тудырған еді. Қазір облыста 44 мыңнан астам көпбалалы отбасына 165 мың бала тәрбиеленіп отыр. Баса айта кетерлігі тұрмысы аз қамтылған отбасылардың басым бөлігі көпбалалы аналар. Яғни олар АӘК-ті де алады.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап балалары 18 жасқа толмаған көпбалалы отбасыларға табысына қарамастан 42 500 теңгеден 73 375 теңгеге дейін жәрдемақы беріледі. Әр балаға шамамен 10-11 мың теңгеден есептеледі. Жәрдемақының нақты көлемі өңірлердің ерекшеліктеріне қарай өзгереді. Алматы облысында әр балаға 10625 теңге. Егер көпбалалы отбасылар табысы аз болса, оларға жәрдемақыдан өзге атаулы әлеуметтік көмек те беріледі. Атаулы әлеуметтік көмек күнкөріс шегінің 70 пайызы деңгейінде сақталады. Алайда мұндай отбасылардағы жұмысқа жарамды адамдардың барлығы әлеуметтік келісімшарт арқылы еңбекпен қамту орталықтарымен белсенді жұмыс істеуі тиіс. Еңбекпен қамту орталықтары арқылы ұсынылатын жұмыс орындарының жалақысын мемлекет төлейді. Жеңілдетілген несие беріледі. Әлеуметтік келісімшартты орындамаған отбасыларға АӘК берілмейді.

Жаңа жылдан бастап табысы аз отбасылардың 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларына арналған әлеуметтік пакет жасалады. Әлеуметтік пакетте балалар тағамы, гигиеналық заттар, балалардың ой-қимыл жүйесін дамытқыш құралдар бар. Ал 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға мектеп формасы, жолақысы төленіп, мектепте тегін тамақ беріледі. Табысы аз отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына мемлекет кепіл берген тегін медициналық көмек көрсетіледі. Бұл бағытта облысымызда 3 млрд. 777 миллион қаржы жұмсалмақ.

Осыдан біраз бұрын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов мемлекет берген бұл ақшалар азаматтарымызды масылдыққа жетелемеуі керек, себебі елде осы көмекті алу үшін түрлі қитұрқылыққа барып жатқан жандардың бар екендігін және оны анықтау бұдан былай да жалғасатындығын айтқан болатын. Бір ғана Алматы облысында түрлі себептер көрсетіп, табысын жасырған 3362 отбасы анықталыпты. Бұл отбасылар бюджетке келтірген 300 млн. теңгеге жуық шығынды кері қайтаруы тиіс. Бұл жағдай халықтың әл-ауқатын бағалайтын, жергілікті комиссияның жіберген салғырттығы екені даусыз. Шынайы алатын отбасылардың тауығының неше рет туатынына дейін есептеген комиссия мүшелері, коттеджді үй қылып тұрғандардың қылығын «байқамай» қалған. Соңғы уақытта халықтың аузында билік көмектің көп түрін шығарып таратқанымен, енді сол қареткетінің қателік болғанын аңғарып тоқтатуға қам жасап жатқандай деген пікірлер желдей есуде. Әсіресе бұл ҚР премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың «Атаулы әлеуметтік көмек алатындарды қысқарту керек» - деп әкімдерге тапсырма беруінен кейін жұрт күдігі ұлғая түсті. Әр жерде тоқтап қалған немесе кешеуілдеген жайттар жүз бере бастады. Бұған жуықта ғана облыстық әкімдік жанында шу көтерген аналар дауы дәлел. Талдықорған қаласы бойынша 5359 анаға берілуі тиіс 330 млн. теңгенің тек жартысы ғана төленсе, Ескелді ауданы бойынша 700-ге жуық көпбалалы ана аталған жәрдемақыны соңғы рет қыркүйек айында алған көрінеді. Аналар шағымын тыңдауға келген облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұманов кінәні министрлікке сілтеген болатын.

Қалай десек те биыл елде қоғамның әлжуаз топтарын қолдауаға біршама жағдай жасалды. Өткен бес жылдағы Алматы облысының әлеуметтік қолдау динамикасында бір қалыпты өсу реті байқалады. Өз кезегінде, артқан қаржымен бірге мұқтаж жандар да сол көрсеткіш бойымен өскен. Мемлекет үшін әр азаматтың өмірі қымбат. Бұл әуелі тұрақтылық үшін аса маңызды. Ал тышқан жылында өңір билігі Б.Сапарбаевтың «Әлеуметтік көмек алатындарды қысқартыңдар» деген пәрменін қалай орындайтынын аз күнде белгілі болып қалар.

**Аружан ТІНІБАЕВА**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨЗЕКЖАРДЫ

# НАРЫҚТЫҚ ҚАҒИДА қалай қалыптасты?!

**Сексенінші жылдардың бастапқы кезінен "қайта құру" деген ұран кеңес одағының өлкелерінде өрістеп өмірде бір өзгеріс боларын, әсіресе, жастар ерекше сезіне бастады. Ақыр соңы 1986 жылы желтоқсанда қазақ жастарының қаны судай аққан қанды қырғынға ұласып, ұлтының ертеңі үшін жандарын қиған жастардың «ұлағаттылық қылықтары» әлем жұртын дүр сілкіндірді...**

Нәтижесі нәрлене келе, 1990 жылдың бастапқы кезінен-ақ Литва елі бастап өздерінің «Азат-Тәуелсіз» ел екенін жариялай бастады. Бірінен соң бірі жеделдетіп жариялаған тәуелсіз ел болған мәртебелі де, мерейлі-мейірімді мереке күнін белгілеп, әр жылы тойлап отыруды Қазақстан 16-17 желтоқсан деп жариялап бекітті.

Қазақ елінің туы көк аспанда мәңгі желбіреп, құдірет күшіне қазақтың ұрпағы тебірене тербеліп ел еңсесін биікке шарықтата берсін деп тілейміз!

Не бір істің басы-қасында көш бастауда аяқ асты бұрқ ете қалатын қазақ жастары екенін өмір көрсетіп келеді. Алладан соларға амандық, адалдық, парасаттылық, сабырлық, саналы пайымдылық тілейік! Тәуелсіздік, өз билігіміз қолымызға тиген «Нарықтық қоғамның» қағидалары қалай қалыптасты.



Нарық - әрбір зат-дүниенің өз құны бойынша еркіндік сезімде халық пен хақ төренің адами қасиеттері тең дәрежелі екенін паш еткен ұғым. Өнімнің өзіндік құнын, келтірер пайдасын шығатын шығынымен қоса еңсермесеңіз, нарықтық бизнесте алға ұмтыла алмайсыз. Ол үшін әрбір пенденің жан-жақты дамып ісі өрге басуына бар мүмкіндігі болуы керек. Ал осы мүмкіндік тәуелсіздікке қолымыз жеткен сол күннен бастап тек қана жоғарғы-төменгі қолында билігі бар жандарға бұйырды. Тек сондай жандар ғана бар байлықты иеленіп жекешелендіру деген ұранның құдіретімен совхоз-ұжым, кәсіпорын, өндірістер, шаруашылықтар, жоғарғы және арнайы оқу орындары, әсем ғимараттар, демалыс орындары, мейрамхана, театр-мәдениет үйлері, жол қатынастарының барлық түрдегі нысандары т.с.с. несібенің сүбелісінің қожайындары болып шыға келді. Қаншама басты бес түлік мал талан-таражға түсті. Қарапайым халық тек қайран қалумен қала берді де, кеш болса да ондаған жылдан соң нарықтық қатынас қағидаларын түсіне бастады, білді. Қазақтың кең қолтық қасиеттілігі мен сабырлылығы міне осында деуге толық негіз бар. Ағайын туысымен, жегжатымен ұйымдаса-ұжымдаса бизнес әлеміне бірге ат салысып кетті. Нәтижесінде, бүгіндері қарапайым қожалық иелері, іскер азаматтар арасынан қазақ бизнесмендері «Қазақстанның Еңбек ері» атағына ие болу мұратына жетті. Бұл да болса нарықтық қоғам қағидасын қазақ азаматтары азғана жылда бағындыра алғанының куәсі. Бұл тарихи шынайы өзгеріс!

Қазақ жастары соңғы технологияны меңгеруде ерекше жетістіктерге де жетіп көптеген жастың жаңалығын әлем мойындап жатыр. «Тұрымтай - тұсында, Заманына қарай адамы» деп халық қалт айтпаса керек. Өнерімен, мәдениеттілігімен әлем жұртын тамсандырған жұлдыздарымыз ән-күй, физика-математика, шахмат, спорт түрлері, өнер тапқыштықтарымен жарқ етіп шығып жатыр. Олардың арасында тәуелсіздік ала сала елге оралып «оралман» атанған қандастарымыз бен олардың ұрпағы жүргендері қазақтың қара домалақтары қайда жүрсе де Қазақ елінің көк туын желбірететінінің құдірет күші деуге болады. Нарықтық қоғам, ұрандатып бастайтын бағдарламалардың көбісі халық игілігі үшін емес, тек қолында билігі бар топтарға ғана «тендер ұтып алу» деген желеудің жүйесінде тылсым табиғат пен еліміздің экономикалық мүмкіндіктерін оңды солды пайдаланып қалуға зор мүмкіндік беретінін айқындап берді. Ягни, сыбайлас жемқорлықтың сара жолы болып ел арасында дағдарыс туындауына, халық наразы болып келеңсіздіктер пайда болуына, Үкімет пен министрлер және әкімдер бекітіп жүзеге асыратын шешімдердің шенді-шекпенділерге көбірек жағдай жасап беріп отырғанын мойындатып берді. Бұл үрдіс жалғаса берсе, түптің түбінде қазақтың өзекті мәселелері сыртқа аян болып, жалпы халықтық сипат алуымен желтоқсан оқиғасын қайталауға жеткізбеуіне кепілдік жоқ. Себебі жаңа заман, жаңа қоғам талабына сай адамның қажеттілігі уақытпен санаса дамып, өрісі кеңейіп бара жатқан дәуірдің жылдамдығы сын сағатта сыртқа теуіп шығатыны сөзсіз. Құрбаны көшеге шыққан жастар мен олар үшін ере кеткен қарапайым қауым болуы тағы бар. Бұған төтеп беретін ұлттық идеологиямыздың ұлылығы мен ұлтымыздың өзге ұлыстардың алдында беделі мен қадірі бикітеп тұру жүйе қалыптасуы.

Қазақ өз елінде қазақ екенін сезіне еркін өмір сүруі, орта мектептерде бірінші кезекте ана тілінде еркін сөйлеп білім алуы, басқа тілдерді әр бала өз қажеттілік ниеттері таңдаған мамандық, келешек кәсіптеріне қарай орта мектептің соңғы сыныптарында қосымша игеріп білсе де көштен қалмас. Сол үшінде өзін зиялымын деп санайтындар, қоғамдық ұйымдар, еріктілер еліңіз үшін шынайы сын пікір айтудан тартынбаңыз, қара басыңызға қатысты ұпай жинау немесе орнымнан айырылып қалмасам игі деп өзіңіз бен қоса өзгенің өмірін сарп ететін қылыққа жол бермеңіз. Өйткені өзіңіз үшін ғана емес, өскелең ұрпағыңыздың өмір жолы сіздің бүгінгі шешіміңізге бағынышты кезең-заман жүйесі сізді сындарлы сынға алған нарықтық қоғам «мүдделер» тоғысында тұр. Ендеше, ойланайық ағайын!

**Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ,**
**саясаттанушы.**

ЭКОНОМИКА

# БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ – БАСТЫ ТАЛАП

**«Жетісу» ӘӘК баспасөз қызметінің хабарлануынша, Алматы облысында Тұрақтандыру қорына 5,5 мың тонна әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары сатып алынды.**

Аймақтық тұрақтандыру қорының операторы «Жетісу» ӘКК-нің дерегі бойынша қазіргі уақытта жеті түрлі тауар сатып алынған: тегістелген күріш - 225 теңге/кг; «Кудесница» маркалы күнбағыс майы – 400 теңге/л; кеспе – 180 теңге/кг; пияз – 65 теңге/кг; картоп – 80 теңге/кг; қант – 180 теңге/кг; 1-сұрыпты бидай ұны - 90 теңге/кг (қалыптық нанға бағаның өсуін тежеу мақсатында облыстың наубайханаларына арналған). Тұрақтандыру қорының қоймаларында 650 тоннаға жуық өнім бар, қалған көлемі жеткізушілерде жауапты сақтауда орналасқан.




«Аталған тауарлар Талдықорған қаласының «Жерұйық» коммуналдық базарында, сондай-ақ Рақышев 18 көшесіндегі тұрақтандыру қорының қойма-сынан тікелей сатылады. Жақын арада тауарлар қаланың азық-түлік дүкендеріне жеткізілетін болады. Бүгінгі таңда олармен агенттік келісімдер жасау мәселесі пысықталу үстінде. Дүкендердің мекен-жайлары біздің ресми сайтта, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі парақшаларда жарияланады», - деді «Жетісу» ӘКК мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру жөніндегі департаменттің директоры Бахтияр Сембеков.

Талдықорған қаласының тұрғындары да әлеуметтік маңызы бар тауарларды төмендетілген бағамен сатудың маңыздылығын атап өтті. Зейнеткер Людмила Скворцова азық-түлік алу үшін әрбір сенбі сайын коммуналдық базарға келеді.

«Бұл жерде азық-түліктердің бағасы да төмен, сапасы да жақсы. Сонымен бірге, өнімдердің барлығы біздің облыста өсіріліп, шығарылғанын білеміз. Сондықтан қажетті тауарларды осы жерден ғана сатып аламыз», - деп атап өтті зейнеткер.

«Әлеуметтік маңызы бар азық-түліктерді сататын осындай сауда орындарының болғаны жақсы. Бағасы да көңілімізден шығады. Бүгін , картопты 80 теңгеден сатып алдым, ал басқа жерде өнім 15-20 теңгеге қымбат», - дейді қала тұрғыны Ануар Мәулетов.

Сондай-ақ, «Жетісу» ӘКК бүгінгі күні қалыпты нанның бағасын ұстап тұру мақсатында облыстағы наубайханаларға арзандатылған ұн жеткізілетінін хабарлады. Соның нәтижесінде дүкендерде нан бағасы 95 теңгеден аспайды. Әлеуметтік нан сататын дүкендердің тізімі әлеуметтік желілердегі ӘКК-нің ресми сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларда жарияланды.

«Жетісу» ӘКК департаментінің директоры Бақтияр Сембеков тауар өндірушілерге сауда павильондарын орнату үшін жер телімдері берілетінін айтты. Мысалы, бірқатар ірі құс фабрикаларының ("Көгер LTD" ЖШС, "Алель-Агро" АҚ, "Алатау Құс" ЖШС, "Сұңқар" ЖШС, "Сарыбұлақ" ЖШС) және ірі сүт өнімдерін өндірушілердің ("JLC Сүт" ЖШС, "Үштөбе-Айдын" ЖШС және т.б.) өнімдері жеке сауда дүкендері арқылы сатылады.

Сиыр етін өткізу мақсатында Талдықорған қаласының әкімдігі «Жерұйық» коммуналдық базарынан өндірушілерге өз өнімдерін сатуға арналған 25 сауда орнын тегін ұсынған болатын.

«Жақын арада ірі сауда желілеріне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын ең төменгі сауда үстемесімен белгіленген бағалар бойынша сату мақсатында мақсатты қарыз бөлу жоспарлануда. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түрі күнбағыс майы мен тұзды қоспағанда 90%-ы Алматы облысының аумағында шығарылады. Бұл өз кезегінде азық-түлік тауарларының тұрақты бағасының сақталуына ықпал етеді», - деп атап өтті «Жетісу» корпорациясында.

Айта кетейік, Алматы облысының тұрақтандыру қоры әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның өсуін тежеу мен тұрақтандыру тетіктерінің бірі болып табылады.

**Ш. ХАМИТОВ.**

ШАРУАШЫЛЫҚ

**БАҒБАНДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АДАМНЫҢ ЕЖЕЛДЕН АЙНАЛЫСЫП КЕЛЕТІН КӘСІБІ. ОНЫҢ ҮСТІНЕ, АДАМ БҰРЫН БІРЕУЛЕР БУДАНДАСТЫРҒАН ЖЕМІС АҒАШТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІН ТОПТАСТЫРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ӨЗДЕРІНІҢ ШАҒЫН ЖЕР ТЕЛІМДЕРІНДЕ ГҮЛДЕГЕН ЖӘНЕ ЖЕМІС БЕРГЕН КЕЗІН КӨРУГЕ ҮМІТТЕНІП ЖЕМІС АҒАШТАРЫНЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІН ӨЗДЕРІ ДЕ БУДАНДАСТЫРАТЫНЫ ДАУСЫЗ.**

# САПАЛЫ СОРТ – МОЛ ӨНІМ НЕГІЗІ

Бұл тұрғыда бау-бақша өнімдерін арттыру және жеміс жидекті мол жинау жолында жеміс ағаштарының сорттылығының маңызы өте зор. Қазақстанда жеміс жидек дақылдарының аудандастырылған сапалы сортты түрлері бекітілген. Оның ішінде, сыннан өткен ежелгі сорттармен қоса жаңа жергілікті сорттар және шетелдік сорттар бар. Сондықтан бағбаншылықпен айналатындар өздерінің жерлері мен бақтарына осындай жеміс ағаштарының түрлерін отырғызғандары дұрыс.

Сонымен қатар, қазіргі кезде мемлекеттік сұрыптау сынамаларынан өткізіліп жатқан жеміс ағаштарын да тәжірибе ретінде отырғызып көруге де болады. Алайда, жаңа жеміс жидек ағаштарын отырғызу қажетті орнықтыру материалдарымен дұрыс қамтылмай жатады. Сондықтан еңбектеніп еккен ағашынан үміттеніп, жеміс күткен адамның еңбегі зая кетіп жататыны тым өкінішті-ақ. Бұл дегеніміз, адамның осы саладағы сауатсыздығы болып табылады. Әрине, адамның бәрін бірдей білуі мүмкін емес қой. Сондықтан жергілікті жерлерде осы мақсатта ескі және жаңа сорттарды сынамадан өткізетін сұрыптау учаскелері құрылған. Соның бірі Ескелді ауданындағы Қаратал ауылдық округінің аумағында орналасқан біздің Талдықорған жеміс-жидек ағаштарын сұрыптау учаскесі сонау 1958 жылы құрылған. Осы жылдар ішінде осы учаске арқылы әртүрлі дақылдың бес жүзге жуық сорттары өтіп, ондаған сорттары аудандастырылды. Сұрыптау учаскесінің бастауында өз саласының әйгілі адамдары агроном-бақ өсірушілер А.Запевалов, А.Миньков сияқты өз ісінің кәсіби шеберлері тұрды. Олар өздерінің барлық саналы ғұмырын осы іске сарп етіп, мол тәжірибе жинақтап, көптеген өнімді сорттар ойлап тапқан жандар. Біз де осындай білікті де білгір мамандардың тәжірибесіне сүйене отырып өз жұмысымызды жетілдіре түсуге талпынудамыз. Өзіміздің білгеніміз бен көкейге түйгенімізді шаруалар мен бақ өсірушілерге және әуесқой бағбандарға айтып түсіндіріп, тәжірибемізбен бөлісуге әрқашан әзірміз.

Орайы келгенде, барша газет оқырмандарын келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтап, дендеріне саулық, еңбектеріне жеміс, отбасыларына бақыт тілеймін.

**Светлана ШҮКЕНОВА,**
**Талдықорған мемлекеттік сұрыптау учаскесінің агрономы.**
**ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ**

## Дүйсенбі - Понедельник, 30 желтоқсан

### ҚАЗАҚСТАН

06.05, 02.20 «Көңіл толқыны»
06.25, 01.45 «Мәселе»
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 18.10 Т/х «Шытынаған тағдыр»
12.00 М/ф «Мұзды өлке»
13.30 М/ф «Алдар Көсе»
14.00, 17.00, 20.00 AQPARAT
14.10, 22.30 Т/х «Ғазиз жүрек»
15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен»
16.00 «Апта» ақпараттық бағдарламасы
16.45 «Баланың көңілі»
17.15, 23.25 Концерт «Жұлдызды Жаңа жыл»
20.35 «Ашық алаң» ток-шоуы
00.15 «Ниет»

### ХАБАР

06.00 М/с «Клео»
07.30 «Таңғы хабар»
10.00 «Әнші балапан»
11.30 Т/с «Сказание о Сельме»
12.00 Жаңалықтар
12.30 Гала-шоу «Central Asia's Got Talent»
14.10 Т/с «Отверженные»
15.20 Концерт «Армандаған достық»
17.20Т/с «Листопад»
18.50 Т/х «Шашу»
19.30 Қорытынды жаңалықтар
20.00 Жаңажылдық топтама
21.00 Итоги дня
21.30 Мегахит «Семьянин»
23.40 Концерт
01.00 Концерт «Төреғали Төреәлі»

### АСТАНА

06.00, 05.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 00.10 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00 Х/ф «Тайлақтың тақиясы»
12.40 Х/ф «Ирония судьбы, или с легким паром!»
17.20 «Жап-жаңа жыл»
21.00 Т/х «Қара ниет»
22.00 Х/ф «Келинка тоже человек-2»
02.10 «Қазнет»
03.30 Х/ф «Я люблю тебя, Ақерке»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.40 Т/х «Граница»
06.45, 03.25 «Той заказ»
07.25 «Басты бағдарлама»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Поле чудес»
12.00 «QALAYYM LIVE»
15.35 «Видели видео?»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45 «Золотой граммофон»
22.00, 01.45, 03.50 «П@УТИНА»
22.50 «Золотой граммофон». Продолжение
23.45 Х/ф «Спецназ города Ангелов»
00.50 Н/к «Нюхач»

### КТК

07.05 «Мерекелік концерт»
07.10, 01.20 Т/с «Мұңайма Нефисе»
08.10, 17.00 Т/х «Жат туыстар»
09.10 «Многодедный»
10.50 «Когда возвращается прошлое»
15.00 «Между нами небо»
18.00 Т/х «Қара теңіз»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.10 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерные новости
21.40 «Новогодний экспресс»
02.10 «Той Beststar»
04.00-05.00 «Мәссаған»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Спорт-тайм»
11.20 «Полицейская служба»
11.40 «Латыннегізді әліпби»
12.00 «Киноман»
13.00 «Зерделі отбасы»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 К/ф «Мұстафа Шоқай»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Шашу»
19.00 «Әдебиет пен адамзат»
19.30 «Ел қамы» /тікелей эфир/
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Туржорық»
21.30 Новости
22.00 «Әсем әуен» (көңілді әндер)
22.45 «Нет-лайк»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

### 31 КАНАЛ

06.00 «Ризамын»
07.00 Информбюро
08.00 «Әзілдер жинағы»
09.20 Концерт «Махаббат әлемі»
12.20 М/ф «Снежная королева: Зазеркалье»
14.20 М/ф «Три богатыря и Шамаханская царица»
16.20 М/ф «Три богатыря. На дальних берегах»
18.00 М/ф «Три богатыря и Морской царь»
20.00 Информбюро
21.15 Х/ф «Робин Гуд. Начало»
23.50 Әзілдер жинағы
01.10 Сериал «Мехектің өмірі»
01.50 Сериал «Адасқан ғұмыр»
02.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 Ризамын
05.00 Әзіл студио

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.40, 22.05 Т/х «Азулылар әулеті»
07.30 «Япырай»
08.50 М/ф «Чебурашка»
10.50 Х/ф «Друзья друзей»
13.00 Х/ф «Мужчина с гарантией»
15.00, 21.05 Т/х «Бастық боламын»
16.00 «Гу-гулет»
16.00 Т/х «Жаңа келін»
16.30 «Шымкент-шоу»
18.50 Х/ф «Охотники на ведьм»
21.00 Лотерея 777
23.00 Т/х «Бұлбұл»
00.10 «Большой юбилейный бенефис В.Винокура»
03.00 «Айнаонлайн»

## Сейсенбі - Вторник, 31 желтоқсан

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 Концерт «Жұлдызды Жаңа жыл»
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00 М/ф «Сұлу мен құбыжық»
11.30 «Шаншар-25»
14.45 «Келін саған айтамын...-2»
16.30 «Димаш»
17.30 Димаш Құдайбергеннің концерті
20.00 «Әзіл әлемі»
22.00 «Жап-жақсы жаңа жыл – 2020»
23.50 ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауы
00.00 «Жап-жақсы жаңа жыл – 2020»
03.00 «Басты арнадағы жаңа жыл»

### ХАБАР

06.00 М/с «Клео»
07.30 «Таңғы хабар»
10.00 «Әнші балапан»
11.30 Т/с «Сказание о Сельме»
12.00 Мегахит. «Семьянин»
14.00 «Ирония судьбы, или с легким паром»
17.15 Концерт «Жаңажылдық кездесу»
19.30 Қорытынды жаңалықтар
20.00 Төрлет, Төреш! Жаңажылдық кеш
21.00 Итоги дня
21.30 «Жұлдызды жаңа жыл – 2020»
23.55 ҚР Президентінің құттықтауы
00.00 «Жұлдызды жаңа жыл – 2020»
01.45 Кино. «Джентльмены удачи»
03.25 Кино «Ирония судьбы. Продолжение»

### АСТАНА

06.00 «Жап-жаңа жыл 2014»
09.00 М/ф «Маша и медведь»
09.30 М/ф «12 месяцев»
10.40 «Келинка тоже человек-2»
12.40 «Жап-жаңа жыл 2019»
14.30 Х/ф «Иван Васильевич меняет профессию»
16.30 Х/ф «Джентльмены удачи»
18.30 Концерт Турсынбека Кабатова
21.00, 00.00 «Жыл таңдауы»
23.55 ҚР Президентінің Жаңажылдық құттықтауы
02.40 «Bas times» жаңа жылдық
03.40 «Жап-жаңа жыл» (2019г.)

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Граница»
06.45 «Той заказ»
07.10 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Ұшқалақ»
08.15 «Зимний вальс»
12.00 «QALAYYM LIVE»
15.35 «Москва слезам не верит»
18.35 «Кавказская пленница, или новые приключения Шурика»
20.10 «Иван Васильевич меняет профессию»
22.10 Новогодняя ночь на первом
23.55 Новогоднее поздравление Президента РК
00.00 Новогодняя ночь на первом
01.30 «Дискотека 80-х»
04.15 «П@УТИНА»

### КТК

07.05 «Мерекелік концерт»
07.50 Т/х «Мұңайма, Нефисе»
08.50 Т/х «Жат туыстар»
09.50 «Новогодняя жена»
12.00 «Елки последние»
14.00 «Новогодний экспресс»
18.00 «Ән мен әнші»
21.00 «Новогодний голубой огонек на Шаболовке»
23.55 Новогоднее обращение Президента РК
00.00 «Новогодний голубой огонек на Шаболовке»
03.10 «Жаңа әзіл – жаңа ән»
05.20-06.20 К/ф «Бізді күтер бір бақыт»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Туржорық
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «Ел қамы»
13.00 «Шашу»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
15.00 К/ф «WELCOME TO ZHETYSU»
16.35 «Әсем әуен»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 «Әсем әуен»
18.00 «Шашу»
19.00 «Диалог» /прямой эфир/
19.30 «Терісқақпай» әзіл-сықақ театрының концерті (1-бөлім)
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.30 Новости
22.00 «Киноман» мерекелік хабары
23.00 «Өмір әні» мерекелік хабары
00.30 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Ризамын»
07.00 Информбюро
08.00 «Әзілдер жинағы»
08.40 Концерт «Өнер қырандары»
11.30 М/ф «Алеша Попович и Тугарин Змей»
13.30 М/ф «Три богатыря и Шамаханская царица»
15.30 М/ф «Три богатыря. На дальных берегах»
17.20 М/ф «Три богатыря и Морской царь»
19.10 М/ф «Три богатыря и принцесса Египта»
21.00 Х/ф «Последний богатырь»
00.00 Поздравление Президента
00.05 Концерт «Өнер қырандары»
02.00 Сериал «Мехектің өмірі»
02.40 Сериал «Адасқан ғұмыр»
03.20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Әзіл студио

### 7 КАНАЛ

06.00 «Шымкент-шоу»
09.00 Х/ф «Питер Пэн»
11.15 «Большой юбилейный бенефис В.Винокура»
13.00, 21.05 «Шап шаншар»
14.50 Х/ф «Нереальная любовь»
16.50 Д/ф «Джим пуговка и машинист Лукас»
19.00 Концерт «Дизель-шоу»
21.00 Лотерея 777
21.25, 23.00 Т/х «Бастық боламын»
22.20 «Айтайық»
00.00 Поздравление Президента РК
00.10 «Юморина»
02.00 «Большой юбилейный бенефис В.Винокура»
04.00 «Айнаонлайн»

## Сәрсенбі - Среда, 1 қаңтар

### ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Сыңғырлаған сиқырлар»
07.45 «Келін саған айтамын...-2»
09.30 М/ф «Күлше қыз»
11.00 Президент шыршасы
11.30 «Димаш»
12.20 «Жап-жақсы Жаңа жыл – 2020»
16.00 «Әзіл әлемі»
18.00 Т/х «Шытынаған тағдыр»
19.00 Димаш Құдайбергеннің концерті
21.00 «Жыл әні»
01.00 Концерт «Сәлем, жаңа жыл»

### ХАБАР

06.00 «Мерекелік қарбалас» 2018ж.
10.30 Сериал «Сказание о Сельме»
11.05 Кино «Джентльмены удачи»
12.50 «Жұлдызды жаңа жыл 2020»
16.10 Кино «Ирония судьбы. Продолжение»
18.20 Кино «Оз: Великий и ужасный»
20.40 Концерт «Қызық премия»
23.10 Кино «Я люблю тебя»
00.45 «Қызық times»

### АСТАНА

06.00 «Алдараспан»
08.30 Х/ф «Иван Васильевич меняет профессию»
10.30 Х/ф «Джентльмены удачи»
12.30 «Жыл таңдауы»
18.30 М/ф «Легенды ночных стражей»
20.40 «Жап-жаңа жыл»
00.10 Х/ф «Класстастар»
02.20 «Үздік әзілдер»
03.20 «KazNet»
04.20 «Әзілстан»
05.20 «Ән мен әзіл»

### ЕВРАЗИЯ

07.00 «Тамаша City»
08.40 «Ұшқалақ»
09.00 «Ералаш в кино»
10.45 «Заячья школа. По уши в приключениях»
12.00 «Қалаулым»
15.15 «Служебный роман»
18.05 Х/ф «Снежный ангел»
20.00 «Алла Пугачева. Тот самый концерт»
21.50, 23.30 «Клуб веселых и находчивых»
23.00, 02.30 «Паутина»
00.30 Х/ф «Форсаж-5»
03.15 «Тамаша City»
04.00 «Ұшқалақ»

### КТК

07.05 «Мерекелік КТК»
08.00, 04.10 «Жаңа жыл қарсаңында»
09.30 «Елки последние»
11.20 «Новогодний голубой огонек на Шаболовке»
16.00 «Ән мен әнші»
18.00 «Шаншар 25 жыл!»
21.00 «Новогодний голубой огонек на Шаболовке»
03.00 «Шымкент-шоу»
05.30-06.20 «Операция «Ө», или новогодние приключения»

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 «Кең ауқымда»
10.00 «Экорейд»
10.30 «Диалог»
11.00 Мақпал Жүнісованың концерті 1-бөлім
12.00 «Киноман»
12.45 «Ем болсын»
13.00 «Шашу»
14.00 «Жетісу зертханасы»
14.30 Д/ф «Өркениет ғажайыптары»
15.00 «Өмір әні» мерекелік хабары
16.30 «Ауылдағы ағайын»
17.00 «Сильные духом»
17.20 «Үшінші көз»
17.35 «Ем болсын»
18.00 «Әсем әуен»
19.00 «Ұлт пен рух»
19.30 «Терісқақпай» әзіл-сықақ театрының концерті (2-бөлім)
21.00 «ҰЛЫТАУ ҰЛЫ» концерті

### 31 КАНАЛ

06.00 «Ризамын»
07.00 Бауржан-шоу
08.00 Әзілдер жинағы
09.00 Тамаша live
10.15 Концерт «Шаншар жаңа бағдарлама»
13.15 М/ф «Алеша Попович и Тугарин Змей»
14.45 Х/ф «Последний Богатырь»
16.45 М/ф «Три богатыря и принцесса Египта»
18.00 М/ф «Три богатыря и Наследница престола»
19.25 М/ф «Храбрая сердцем»
21.00 Кино «Супербобровы»
22.40 «Әзілдер жинағы»
01.10 Сериал «Мехектің өмірі»
01.50 Сериал «Адасқан ғұмыр»
02.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 Ризамын
05.00 Әзіл студио

### 7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30, 03.00 «Айнаонлайн»
07.00 «Япырай»
07.30, 13.00 «Шап шаншар»
09.00 Х/ф «Санта и компания»
11.00 «Большой юбилейный бенефис В.Винокура»
15.00 Концерт «Дизель-шоу»
16.50 «Юморина»
21.00 Лотерея LOTO 6/ 49/ 777/ KENO
21.05 х/ф «Дабл Трабл»
23.00 Концерт «Лайма Вайкуле. Рандеву в Юрмале»
01.00 Х/ф «Питер Пэн»
04.00 Т/х «Элиф»
04.45 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

# Шырша төңірегіндегі шырғалаң

*Қалыптасқан көзқарас бойынша жаңа жылдың сәні мен белгісі шыршалар екені даусыз. Біз мұнда арнайы құрастырылып, безендірілетін шыршалар туралы айтып отырмыз.*

ЖЕЛТОҚСАН кіре, әсіресе, ірі қалаларда шырша дауы басталады. Себебі, көптеген әкім-қаралар Тәуелсіздік мерекесінен бұрын қаланы жаңа жылға дайындауды бастап кетеді. Соның кесірінен тәуетер Тәуелсіздіктің атаулы күні тасада қалады. Соңғы бір-екі жыл қоғам наразылығын ескерген билік шырша мен қала безендірулерін желтоқсанның 17 – нен кейін бастайтын болып жүр. Бірақ, шенділер сонда да бюджеттің миллиондаған қаржысын шыршаларға жұмсайды. Көпшілік Григорян күнтізбесіндегі жаңа жылға қарсы болмаса да, оны тойлауға мемлекет көп шығын шығаратынын айтады.

Алматы облысында да шыршалар құрыла бастады. Облыс орталығы Талдықорғанда жаңасы, ескісі бар 3 шырша мен жаңа жылдық декарация бірнеше көрнекі орынға қойылды. Әкімдік бұған 25 миллионға жуық ақша жұмсаған. Екі жүз мыңға жетпейтін тұрғыны бар аядай Талдықорған үшін, үш шырша орнатудың қандай қажеттілігі туғаны түсініксіз? Осыған сай әлеуметтік желілерде де шырша туралы түрлі пікірлер айтылуда.

**Назым ДҮТБАЕВА, журналист:**

*– Әр қаланың бюджеті жаңа жылдық безендіруге қаржы бөліп жатыр. Наурызда да осылай қаржы бөліп безендірсе ғой.*

**Омар ЖӘЛЕЛ, қоғам қайраткері:**

*– Шырша құру - бұл құлдық сананың белгісі. Біз Иса пайғамбардың туған күнін Тәуелсіздіктен жоғары қойып отырмыз. Тәуелсіздік ұлттың санасына енді ғана орнығып келеді. Жаңа жылдан бұрын бізге соны дәріптеу керек. Бірақ, отарсызданбаған биліктің миы соған жетпей отырғаны өкінішті.*

**Мақсат ХАЛЫҚ, экономист:**

*– Жаңа жылдық көңіл күй деп жақауратқанмен, бұл пайдасыз әрекет. Одан бұрын әлеуметтік салаға көңіл бөлгендері абзал. Әкімдердің арасында менің шыршам әдемі деген бәсеке бар сияқты. 2012-2013 жылдармен қазіргі елдің экономикалық жағдайын мүлдем салыстыруға келмейді. Бізде керісінше жағдай төмендеді. Қазір халық биліктің кез-келген бастамасына сын көзбен қарайды.*

**Қазыбек ИСАБЕК, қала тұрғыны:**

*– Меніңше, бұл ақшаға Талдықорған қаласынан үш отбасына баспана беруге болар еді...*

ЖАҢА жылдық көңіл күйді түсіру ойымызда жоқ. Дегенмен, халықтың пікірі қашанда биліктің назарында болғаны дұрыс қой. Біздікі, атқамінерлер әр істі бастамас бұрын, оның пайдасы мен зиянын екшеп алса деген тілек қана. Ал бұған сіз не дейсіз, көзіқарақты оқырман?!

**А. НАЗЫМ.**

ТӘРБИЕ

**ЖАС ҰРПАҚ – ЕРТЕҢІМІЗДІҢ ТІРЕГІ, ЕЛІМІЗДІҢ МЫЗҒЫМАС БОЛАШАҒЫ. СОЛ ҮШІН ДЕ БҮГІНГІ ЖАСТАРДЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ БАСА НАЗАР АУДАРҒАНЫМЫЗ ДҰРЫС.**

# БІЛІМДІ ҰРПАҚ - ЕЛ ЕРТЕҢІ




Ұлы данышпан Эпиктеттің: «Күллі ғажайыптардың ішіндегі ең тамашасы - жақсы тәрбиеленген адам» деген сөзі бар. Тәрбие мен адамгершілік құндылықтар отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада қалыптасады. Өсуіне қарай тәрбие де күрделеніп, оған қойылатын талап та арта түседі. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, жанұядан басталатын тәрбие мектепте, кейін жоғарғы оқу орнында жалғасын табатыны бәрімізге белгілі. Осыны ескере отырып, «Zhansugurov college» жастармен тәрбие жұмыстарының кешенді бағдарламасын ойластырған. Тұжырымдама негізіне сәйкес білімгерлермен жеті түрлі бағытта жұмыс жүргізіледі. Олар: Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбие, руханиадамгершілік, ұлттық, отбасылық, еңбек, экономикалық және экологиялық, зияткерлік, ақпараттық- мәдени, көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие.

Осының аясында колледжде «Студенттік сенат» жұмыс жасайды. Ол – оқу орнымыздың тыныс-тіршілігінде басты рөл атқарып, студенттерге өзін-өзі тұлға ретінде танып, басқаруға мүмкіндік беретін құрылым. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, жастардың жұмыла кіріскен істерінің нәтижелері де айтуға тұрарлықтай. Студенттік сенаттың «Парасатты болайық» тақырыбында дайындаған бейнеролигі қалалық байқауға жолдама алып, 4-орынға ие болса, жастар арасында өткен спартакиадада колледж спортшылары жүлделі 1-2 орындарды иеленген. Одан бөлек жастарымыздың ұйымдастыруымен оқу орнында «Алтын күз», «Студенттер қатарына қабылдау», «І.Жансүгіров 125 жыл», «Ұлы Абай Құнанбаев-175 жыл», «Тәңірдің тәтті сыйы-Тәуелсіздік» атты мерекелік кештер, әр апта сайын логиканы дамытуға арналған ойындар, оқудағы үлгерімі төмен студенттерге арналған ағылшын, орыс тілдері мен басқа да пәндер бойынша қосымша сабақтар, жатақханадағы студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында түрлі іс-шаралар өтеді. Осылардың басы-қасында жүретін Алима Ускенбаева мен Аслан Қастаев студенттік сенатқа басшы спикерлер. Ал орталық вице-спикерлер қатарында Дарья Светличная мен Амина Белашова бар. Сонымен қатар Камилла Маратова мен Аяулым Маратова колледждің жағымды қоғамдық имиджін нығайту мақсатында әлеуметтік желілер арқылы бірқатар жауапты жұмыстар атқарады.

Жастарымыздың белсенді әрі жан-жақты болу колледжіміздің барлық оқытушыларын қуантады. Себебі жауапкершілігі мол, еңбексүйгіш, адал да білімді жастарды тәрбиелеу ел болашағына құйылған ең үлкен инвестиция.

**Ақмарал СӘКЕНОВА,**
**«Zhansugurov College» директордың тәрбие жөніндегі орынбасары.**

ТАБИҒАТ

# КӨРІКТІ ЖЕР – КӨЛСАЙ

**БІЗДІҢ КӨЛСАЙҒА ҚЫЗЫҚПАЙТЫН АДАМ ЖОҚ ШЫҒАР СІРӘ! ТАУ БАСЫНДАҒЫ АСПАНМЕН АСТАСҚАН, ШЫҢ-ҚҰЗБЕН КЕМЕРЛЕНГЕН ҒАЖАП ТАБИҒАТТЫҢ СҰЛУЛЫҒЫН СӨЗБЕН ЖЕТКІЗУ ҚИЫН.**

Қазіргі кезде Саты ауылының халқы осы Алланың берген ғажабының арқасында жанын бағуда. Көлсай көлдерінің халыққа сыйлар, дарытар, нәрлендірер шапағат, шипалы емі мұнымен шектелмейді.Қазіргі таңда тұрақты туризм аймағына айналды. Туристер апталап жатып, жаяу жүріп, атқа мініп көлдің тамаша табиғатында демалуда.



Табиғат-ананың айрықша бұл сыйын қорғай білуіміз керек. Көлсай көлдері-ай! Көрген де , көрмеген де арманда. Көргендер қайта айналып соғуды ойласа, көрмегендер бір рет болса да ат басын бұрып, көзбен көріп қайтуды армандайды. Таңдандырған, тамсандырған табиғатымызды аялайық, сақтайық, қорғайық.

**Лиза НҰРЖАУБАЕВА,**
**Саты ауылдық кітапхана меңгерушісі.**

БАЙҚАУ

# МӘСКЕУДЕГІ ЖЕҢІС

***Алматы сән және дизайн колледжінің тігінші бөлімінің оқу-өндіріс шеберлері мен кәсіби пәндер оқытушылары Мәскеу қаласында ұлттық костюмдердің үздік сән үлгілері бойынша өткен Еуроазиялық «Этно-Эрато» байқауында қомақты нәтижеге қол жеткізді.***

Өткен жылы шеберлермен арнайы әңгіме өткізген колледж директоры Надежда Николаевна Яковлева: «Әріптестер! Сіздер Мәскеуде бірнеше жыл қатарынан өткізіліп жүрген «Этно-Эрато» байқауының талаптарымен, өткен байқаулардың бейнедеректерімен жан-жақты танысып, зерделеп көріңіздерші. Біздің де сол байқауға қатысуға шығармашылық қарымымыз жететін сияқты», – деген еді.

Өткен байқаулардың жаңағыдай деректерімен жан-жақты танысқан әріптестер тәуекелге бел буып, келесі байқауға қатысуымыз керек деп шешті. Сөйтіп, «ұрыста тұрыс жоқ» дегендей, бірден іске кірісіп кеттік. «Жастар киіміндегі этноэлемент» коллекциясы үлгілерінің жоба суреттерін Мәскеуге жолдап, олардан қабылдаған, қуаттаған қуанышты хабар алдық. Сүйінішті хабарға қанаттанып, шабыттанып «Жастар киіміндегі этноэлемент» және «Шығыс» костюм үлгілеріне арналған жобаларымыздың эскиздерін жібердік. Бұл жобаларымыз да Мәскеу тарапынан қуатталды. Байқауға шақыру алған соң зор шығармашылық шабытпен іске кірістік. Оқу өндіріс шеберлері мен кәсіп меңгеруші студенттеріміздің жұмыла, бірлесе атқарған еңбектерінің нәтижесінде идеялар нақты шындыққа айналып, қараса көз тоймастай заманауи дизайнмен сәні үйлесе салтанат құрған үздік үлгілер бірінен кейін бірі жарқырап, он-оннан екі коллекция дайын болды-ау!

Эскиздік жобаның нақты іс үстінде тың шешімдермен өзгеріске түскен сәттері де болды. Студенттер мен ұстаздардың шығармашылық тобы атқарған осы жұмыстар елімізде өріс алып отырған «Рухани жаңғыру» идеяларын іспен нақтылаудың, идеяны іс жүзіне асырудың да үздік үлгісі болды деп зор мақтанышпен айта аламыз. Бұл коллекциядағы әр костюмді күнделікті өмірде көшеге, мәдени демалыстарға, той-жиынға, тіптен күнделікті қызметке де киюге болады. Осы тәріздес пікірлерді біз байқауды тамашалаған кәсіби мамандардың аузынан естіп қуандық. Коллекцияларды дайындау барысында ұлттық мәдениетімізді мадақтауды, оның замана көшіне ілесе алар жасампаздығын дәлелдеуді басты мақсат еттік. Соған орай сәукеле формасымен тігілген тақиялар иықты киімдер түсімен үйлестірілді. Барқыт пен жібек материалдарынан тігілген заманауи жаңаша үлгідегі камзолдарға көйлек түсі үйлестіріліп, ұлттық оюлар үйлесімімен толықтырылды. Коллекция костюмдерінде бірін-бірі қайталау жоқ. Ал топтама ретінде көрсетілгенде нағыз зaмaнуи киімдердің ұлттық айшықпен безендірілген жарқын нұсқасы болды да шықты. «Шығыс» үлгілерінен де қиялымыз бен кәсіби шеберлігімізді аямадық.

Шығармашылық шабытпен атқарылған ұжымдық еңбек өз жемісін берді. Нәтижесінде мәскеулік байқауда маңдайалдылардың қатарынан жарқырап көріндік. Жастар киіміндегі этноэлементтер номинациясы бойынша біздің «Aiqyz» коллекциясы II орынды, «Шығыс» номинациясы бойынша «Omirkul» коллекциясы III орынды иеленіп, Алматыға жеңіспен оралдық. Бұл жеңістер бізге бастаған ісімізді алға апару үшін үлкен күш-жігер, шалқар шабыт сыйлады.



**Балжан ОСПАНОВА,**
**Жәмила НҰРМАНОВА,**
**АСжДК-нің оқу-өндіріс шеберлері, коллекция авторлары.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҒҰМЫРДАРИЯ

# Жетісудың Жайсаң ұлы

**ОЛ өмір атты аламанда үнемі биікке талпынды. Бала шағынан еңбекқор бола білді. Өмірдің қиын сәттері оны құлдилап төменге түсірген сәтте жасымады. Өрмелеп өрге шыққанда тасымады. Тынымсыз еңбектің арқасында қол жеткізген жетістіктеріне толдым деп төгілмеді. Алған бағытынан жаңылмай, Тәңірі сыйға тартқан өзіндік жолымен жүріп келеді. Өмірдегі өзі салған сара жолымен келетін сол ағамыз бүгінде асқаралы алпыс жастың белесіне шықты. Адам өмірінің ең бір толысқан асқар белі алпыс жастағы аға кім десеңіз, «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасының директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ.**



ӨМІР атты ұлы жол – туған үйдің табалдырығынан бастау алады ғой – дейді өткені жайында ой өрбіткен ағамыз. Әкесі Сүйінбай Абдолдаұлы Ескелді ауданына қарасты Жетісу ауылында механизатор болып еңбек етсе, анасы Сәуле Айтмұханбетқызы да қазанын тоқ ұстап, барды ұқсата білген, үйдің тірлігін ғана емес, ауылдағы қызылша алқабында тер төккен нағыз еңбек адамы болды. Өмірден көргені мен түйгені мол, көкірегіне тоқығаны ұшан-теңіз абзал ата-ана бауыр еті балаларына тәлімді тәрбие бере білді. Таратып айтатын болсақ, мынау жарық дүниеге ғашық етті. Он сегіз мың ғаламның тылсым сырын, тұңғиық мағынасын саналарына сіңіре білді.

* * *

«*ОТБАСЫНДАҒЫ сегіз баланың екіншісімін. Алдымда әпкем бар. Ол қыздың, мен ұлдың тұңғышы болдым. Екеуміздің артымыздан ерген тағы үш ұл мен үш қыз бар. Бүгінде әрқайсысы өз өмір жолымен жүріп келеді. Бала кезімнен атамның атына мінгесіп жүріп, ержеттім. Оның жанында ере жүріп малдың тұяғы баспаған, нулы, көркем жерлерді аяғым шалды. Бір атар қойды алдыға салып алып, жайлауға да шыққан кездерім күні бүгінге дейін көз алдымда. Мыңбұлақ тауының жұпар ауасымен тыныстаған кездерімді де есіме жиі аламын. Мені алғаш еңбекке баулыған да осы атам еді. Оның айтқан ақылы мен нақыл сөздері өмір жолыма сабақ бола білді. Атамның ақылын тыңдай жүріп, адамның баласы болуды үйрендім*» – деген кейіпкеріміз әңгімесінде атаның кең пейілділігі мен әкенің бауырмалдығы, ананың аялы алақаны оның асқақ армандарына қол жеткізуіне ықпал еткендігін де жасырып қалмады.

Бала Бақберген төртінші сыныпта оқып жүріп ауылдың қара домалақ балаларымен бірге қырман сыпырушысы болып та еңбек етті. Одан кейін анасы Сәулемен бірге қызылша алқабының қызу жұмысын да істеп үйренді. Мектеп жасынан қызылшаны қалай түптеп, арамшөптен қалай аршу керектігін, оны қалай жонуды да бойына сіңіріп үлгерді.

«*Әкем ауылдың механизаторы болып еңбек етті. Төрт жасымнан бастап мені тракторына отырғызып, бірге алып жүретін. Ал төртінші сыныпта техниканың тілін біліп, жетінші сыныпқа көшкенде ұжымшардағы әкемнің орнын алмастыруға жарадым. Оныншы сыныпқа көшкенде трактор жүргізудің қыр-сырына қаныққан бала болып шықтым. Бір сөзбен айтсам, техниканың нағыз дайын маманы болып шыға келдім*» – деп жалғады сөзін ол.



ХАКІМ Абай өзінің он тоғызыншы қара сөзінде адам ата-анадан туғанда есті болмайтынын, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, білгені, көргені көп болған адам білімді болатынын, естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүріп өзі де есті боларын айтты. Сол айтқандай, Бақберген ағамыз да атасы Абдолла мен әкесі Сүйінбайдың есті сөздерін естіп, бала шағынан бәрін көріп, ұстап, дүниедегі жақсы мен жаманның арасын танып, біліп өсті. Еңбек ете жүріп білімнің көкжиегіне қанат бітіріп, биікке самғауды мақсат тұтты.

Мектепті бітірген соң екі жыл қатарынан діттеген мамандығына түсе алмай, ұжымшар жұмысына үлесін қосты. Сөйтіп жүргенінде Төлеу деген туысқан ағасы оған ауылдан Алматыдағы дайындық курсына арнайы жолдама берілетінін айтып, жөн сілтейді. Сол кісінің айтқан сөзі оқып, білім алсам деген Бақберген ағаның жолын ашуға желеу әрі демеу болыпты.

«*Өзім арман еткен инженер-механик мамандығы бойынша дайындық курсына түстім. Қанша дегенмен мектепті бітіргеніме екі жыл ғана болған. Өзімнен екі-үш жас үлкен балалармен оқыдым. Дайындық курсы жоғарғы оқу орнына жеңіл түсуіме септігін тигізді. Курсты үздік бітіріп, бірден жоғары оқу орнының студенті атандым әрі алатын стипендиям да жоғары болды. Бес жыл инженер-механик мамандығы бойынша білім алып, оқу орны берген жолдамамен еңбек жолымды ауылдан бастадым. Жолдама бойынша мені Қаратал ауданына қарасты Бірінші май ауылына жіберді. Бірақ, ауыл құмайтты жер болып, көңілімнен аса шыға қоймады. Үйге келіп, бұл ауылға барғым келмейтінін айттым. Содан Сәулебай Әшенов деген ағамыз: «Онда Омар Қасымбеков деген досым бар, соған механик болып баруға қалай қарайсың?» деген ұсыныс айтты. Сөзге келмей келісімімді бердім. Сөйтіп, алғашқы еңбек жолымды Омар Кәрібайұлының қоластында бастадым. Киров колхозындағы гараждың автомеханигі болып еңбек еттім. Тынымсыз еңбектің арқасында қызметім ақырындап көтеріле бастады. Еңбек ете жүріп партия қатарына өттім. Сол жылы ауданның партия комитеті шақырып, «Автотұраққа инженерлік жұмысқа барғың келе ме?» деген ұсыныс айтты. Бұл жұмыстан да бас тартпай, келісімімді бердім. Сол тұста автотұрақтың директоры болған Юрий Цой мені бірден жақын тартты. Бірде кабинетіне шақырып: «Сен аудандық партия комитетіне барып қайт» деді. Барсам сол кездегі ұйымдастыру бөлімінің басшысы Борис Пошов: «Бақберген Сүйінбайұлы, партия комитетіне инструкторлық жұмысқа шақырсақ, келесің бе?» деді. Ал мен бұл ұсынысқа бірден жауап бере алмай, ойланайын деп шығып кеттім. Түстен кейін Юрий Цой кабинетіне шақырып, маған біраз ақылын айтты. Сөйтіп астындағы көлігінің кілтін ұстатып тұрып, «Үйіңе бар, әке-шешеңмен, ағайын-туғаныңмен, бауырларыңмен ақылдас. Әркімнің де ақылын тыңдап көр. Бірақ, шешімін өзің шығар. Үш күн уақыт беремін, жұмысқа келмей, нақты бір жауабыңды айтатын бол» – деді. Артынша кабинеттен шығып бара жатқанымда: «Егер, сен менің балам болсаң, бар деп ақыл қосар едім» деп қалды тағы. Ал ауылға келіп ата-анаммен ақылдасқанымда, жас емессің, ақыл тоқтатқан азаматсың, шешіміңді өзің шығар деген соң, ойланып, басшымның айтқан сөздеріне құлақ асып, ақырында инструкторлық қызметке баруды ұйғардым. Бұл қызметте біраз жыл жүрдім. Содан Талдықорған ауданы комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындалдым. Бұл жұмысқа сол тұста маған дейін қызметте болған аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Керімтай Абдрахманов пен ұйымдастыру бөлімінде жұмыс істеген Жұмағали Әлібаевтың арнайы ұсыныс жасауымен келген едім. Екі жылдай осы қызметте жүрдім. 1989 жылы «Октябрь» кеңшары Жетісу колхозынан бөлініп шығып, басшысы болып Сайлаубай Жабынаев тағайындалды да, мен партия ұйымының хатшысы болып осында келдім. Осылай талай жылға дейін қызмет атқардым. Жалпы, өмір-жолымда талай жақсы адамдардың тәрбиесін көрдім. Соның ішінде Владимир Селезневтың есімін*

МЕРЕЙ
Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



*де ерекше атап өтсем болады. Тағдыр жазуымен жақсы басшыларға жолығысып, олармен етене жұмыс істеп, мықты тәлім алып, тәжірибе жинақтағаным үшін Аллаға сансыз шүкір деймін»* – деп ағынан жарылды ағамыз.

* * *

ОСЫ орайда тағы да данышпан Абайдың сөзіне жүгінгім келеді. Ғұлама өзінің жетінші қара сөзінде баланың анадан туғанда екі түрлі мінезбен туатынын сипаттайды емес пе?! Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам, ал бірі – білсем екен демеклік. Біздің кейіпкер де бала шағынан «бұл немене, ол немене» деп, бір нәрсені білсем екен деп ержетті. Осы мінезі оны биік шыңға жетеледі. Өзі айтқанындай, қандай жұмысқа болмасын жанын сала кірісіп, тынымсыз еңбек еткенінің нәтижесінде көп нәрсеге қол жеткізе білді. Биікке өрмелеп шыққанда тасымады, жұмыссыз қалғанда еш жасымады. Бойындағы кішіпейілділік, адамгершілік, қарапайымдылық, адалдық, тәубешілдік, бауырмалдық сынды қасиеттері, елгезек мінезі, маңайына деген сүйіспеншілігі, үлкен-кішіні сыйлай білуі үнемі жақсы адамдармен жолығысуға итермеледі. Жұмыссыз қалған уақытта жақсы адамдардың араласуымен бұл мәселе оңай шешімін тапты. Тағы сол Юрий (Цой) ағасының қамқорлығымен брокерлік кеңсенің директоры болып жұмысқа тұрды. Ал тоқсаныншы жылдардың басында Нұрлан Темірғалиевтың басшылығы әрі сол кісінің арнайы шақыртуымен автотұраққа бас инженер болып орнығады. Осы орында тапжылмай екі жыл еңбек етті. Одан кейін сол кездегі аудан әкімі Жұмағали Әлібаевтың ұсынысымен кәсіподақ комитетінің басшысы болып қызметке тұрады. Мұнан кейін, 1995 жылы аудандағы «Жетісу» баспа-полиграфиялық өндіріс мекемесінің директорлық қызметіне тағайындалады. Осылайша, бала шағынан инженер-механик болсам деп талпынып, арманын асқақ етуде аянбай тер төккен Бақберген ағамыздың өмірі бір сәтте өзгеріп сала берді. Әлбетте, ол баспа-полиграфия саласына бірден топ етіп түспеді. Бірақ осы қызметке міндеттеп тағайындаған ағалар оның бұл саланы да меңгеріп, гүлдендіріп әкетеріне сенді. Сүйінбайдың Бақбергені олардың сеніміне селкеу түсірмеді. Жақсы аға бұл іске де жанын сала кірісті. Өзі айтқанындай, оның полиграфия саласына келуіне сеп болған тағы сол жақсы адамдар. Ол өзіне сенім артқан Жұмағали Әлібаев пен сол тұстағы баспа саласының есігін айқара ашып, құшақ жайған ағасы Әли Ысқабаевтың көрсеткен қамқорлығының күні бүгінге дейін жадынан еш шығармады. Аудандық баспа-полиграфиялық өндіріс мекемесінің директорлық қызметінде жүргенінде аумалы-төкпелі заман орнап, аудандық баспа өндірісі қысқарып, Алматы облысымен біріктірілді. Содан Алматы облысының қарамағында жұмыс істей бастайды. Осы тұста Алматы облысындағы полиграфияның басшысы Ырым Кененбаймен алғаш танысады. Сол таныстық Бақберген Сүйінбайұлының «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасының директорлық қызметін атқаруға алып келді. Жазушы Ырым Суанбайұлы да Сүйінбайдың Бақбергенін көп үміт күтуге боларын бірден аңғарса керек-ті.

*«Полиграфияның жақсылығы сол - мұнда бірден тапсырыс қабылдап, өніміңнің нәтижесін көріп отырасың. Яғни, жасаған ісің бірден көзге көрініп, алға қарай қадам басуына, жұмысыңа деген сүйіспеншілігің де арта түседі екен»,* – деген Бақберген аға кеңестік дәуірде полиграфия қарыштап тұрған мықты саланың бірі болғанын айтады.

*«Сол кеңестік дәуір ыдырап, тарағанда, бұл салада да күрт құлдырауға түсті. Осы тұста істің жоқтығынан жетісіне үш күн жұмыс істеп, қалған күндері демалыс алатын едік. Негізі осы салаға түбегейлі бет бұруым 1999 жыл.*

*«Алматы-Болашақ» АҚ президенті Ырым (Кененбай) ағамыз Талдықорған десе бір бүйрегі бұрып тұрды. «Бұл жер кіндік қаным тамған жер, туып өскен мекенім» деп үнемі бізге ерекше қамқорлық танытып, ағалық ілтипатын көрсетіп, қанатының астына алып жүрді. Алғашқыда жұмыстың аздығынан ұжым саны да қысқарып қалды. Дегенмен, үміт үзбедік... Мен келген жылдары аудандық, қалалық газеттер төрт беттік болып қана шығушы еді. Баспа саласының есігін алғаш ашқанымда линотипті машинамен жұмыс істейтін. Яғни, қорғасынды балқытып, әр әріпті құйып, халықтың көзі нәм құлағына айналған басылымдарды халық игілігіне ұсынушы едік. Осылай жүріп газетті офсеттік басылыммен шығаруға да қол жеткіздік. Жұмыстың тоқтаусыз жүруіне Ырым ағаның септігі көп тиді. Мәселен, қағаз таусылып, таппай қалғанымызда сонау Павлодар қаласынан алып келген кездер де болды. Ол кісі бізге талап қоя білді, ұжым сол талаптан шыға білгендіктен де іс ілгері басты.*

*Кейін облыс орталығы Талдықорған қаласына көшіп келгенде өңір басшысы Шалбай Құлмаханов облыстық екі газет те «Офсет» баспаханасынан басылуы тиіс деген талап қойды. Сөйтіп, Ырым аға екеуміз Үндістандағы арнайы компаниямен келісімшарт жасап, офсеттік басылым машинасын алуға қол қойдық. Осылайша, жедел түрде Үндістанға ұшып барып, машинаны ұшақпен алып келіп, 2002 жылдың 1 қаңтар күні іске қостық. Алайда, облыс газеттері айтқан уақытында көшіп келе қоймады. Дәл сол жылы «Алатау» газетін шығаруды қолға алдық. Осылайша, облыс көлеміне тарайтын тағы бір жаңа басылым шықты.*



*...Сол тұста жаңа көшіп келген екі басылымға берілетін арнайы ғимарат табылмады. Газет қызметкерлері отыратын ғимарат қарастырып жүрген облыс әкімінің орынбасары Амандық Баталовқа Ырым Кененбай «Офсет» баспаханасының екінші және үшінші қабатын қабылдап алсаңыздар болады деген ұсынысын айтты. Ағамыздың бұл сөзін Амандық Ғаббасұлы бірден құп көрді. Сөйтіп, Ырым Суанбайұлының кеңпейілділігінің арқасында екі басылымның 15 жыл осы ғимаратта отыруына келісімшарт жасалды.*

*Баспахананың қанат жайып, өркендеген уақыты Серік Үмбетовтің облыс әкімі болған тұсы. Сол жылдарда облыс газеттерінің таралымы біраз өсті. Бұл біздің жұмысымызға оң ықпалын тигізді. Сондай-ақ, республикалық «Егемен Қазақстан» газеті біздің баспаханадан басылып шықсын деген ұсынысымен бес жылдан астам уақыт «Офсет» баспаханасынан шықты.*

*Қай кезде болмасын Ырым ағамыздың бізге деген көзқарасы ерекше болды. Мәселен, басылым машинасын Алматыдағы баспаханаға алмай, Талдықорғанға әкелуінің өзі оның туған жерін ерекше қастерлеуінің белгісі десек болғандай. Қазіргі кезде айтылып жүрген «Туған жерге туың тік» деген бастаманы ол 2000 жылдарда бастап кеткен еді.*

*Жұмыс жанданған күннен бастап жұмысшылар саны да артты. Баспахананың тағы бір гүлденген шағы, облыс газеттерінің қатар шығуы үшін екінші линияны іске қосуы еді. Сөйтіп, екі газетті қатар басатын дәрежеге жеттік. Жалпы, жұмысшылардың жағдайы, ай-лық алуы, қысқарып қалмауы Ырым Суанбайұлының басты назарындағы мәселе болды десем асыра айтқандық болмас.*

*1976 жылдан 1999 жылға дейінгі өмірім Ескелді ауданымен сабақтас болса, одан кейінгі жылдарым осы Талдықорған қаласында өтуде. Нақты айтсам, 25 жылдай осы баспа саласында қызмет етіп келемін* – дейді алпыстың асқарындағы аға.

* * *

*«...БАЛА, маған ұнайсың. Ірі істерің, — дейсіз бе, — Оны істедің, мұны істедің».*
*...Менің жаман болуым мүмкін емес,*
*Өйткені, мұғалімім дұрыс менің!*

деп ақын Бауыржан (Б) ағамыз жырлағандай, Бақберген ағамыздың да жақсы бала болып ержетуі мұғалімінің түзу жол нұсқап, өнегелі тәрбие беріп, білім нәрімен дұрыс сусындыра білуінің нәтижесі дер едік. Балғын балалық шағыңды еске түсіргенде ең алғаш қолыңа қалам ұстатқан ұстазыңның есімі ерекше дараланып тұрады емес пе?! Бұл тұрғыда Бақберген ағаның да өз айтары бар.

*«Мектеп табалдырығын 1966 жылы аттадым. Жетісу орта мектебінде білім нәрімен сусындап, өмірге қанат қақтым. Қолыма алғаш қалам ұстатқан Сара апайым болса, жоғары сыныпқа көшкенде сыныпқа жетекшілік еткен Сәпи ағамның орны бір төбе. Бала кезімнен математика пәнін жақсы көріп, есеп шығаруға өте жүйрік болдым. Сонымен қатар, техникалық пәндерді де ерекше ынтамен оқыдым. Мектеп бітіріп, жоғары оқу орнына түскенімде осы сабақтарды оқу маған өте жеңіл түсті.*

*Үздік оқып, тәртіпті болдым демеймін. Бала болған соң бұзықтық жасап қоятын кездерім көп еді. Сол үшін Сәпи ағамнан жиі ескерту де алып қалатынмын. Бірақ, Сүйінбайдың ұлы жаман деген атқа қалғаным жоқ. Керісінше, білімге құштар болып, биікке жетсем деп талпындым. Осылайша, мектепті де жақсы аяқтадым десем болады»,* – деп тебіренген кейіпкеріміз әңгімесін студент шақтағы естен кетпес оқиғасымен жалғады: *«Студент кезімде талай оқиға болды ғой. Оның әрбірі қызыққа толы. Біз бір бөлмеде 12 бала тұрдық. Студенттердің жайы өзіңе де белгілі ғой. Ақша бірде бар, бірде жоқ дегендей. Сондай бір шақта, сабақтан шыққан балалар асханаға қарай кетті де, қалтамда көк тиын қалмаған мен жатақханаға қарай бет түздім. Осы сәтте сырт тұстан «Әй бала, қайда барасың, жүр, бізбен тамақтануға» деген дауысты құлағым шалды. Бұрылып қарасам, біздің курстың жігіттері екен. Олардың жас шамасы менен үлкен ғой. Сөйтсем, сырттай байқап, бақылап жүріпті. «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» демекші. Сапар мен Дәулеттің бұл ісін күні бүгінге дейін ұмытқаным жоқ. Қазірге дейіне есіме алып жүремін. Ал, ара-қатынасымыз күні бүгінге дейін еш суымады»* – дейді ол.

* * *

*БҰЛ өмірдің сен бір жалғыз дарасы,*
*Мен бір дарасы.*
*Біз екеуміз біріктік,*
*Болды, міне, көздің ақ пен қарасы!*

Алғашқы сезім, шуақты ықыласты жеткізуге ұмтылған шыдамсыз шақ туралы осы өлеңімен өрген еді ақын Ахмет Кендірбек. Біздің кейіпкеріміз де өзінің өмірлік жарын кездестірген шағын былайша баян етті.

*«1983 жылы оқуды бітіріп, жұмыс істеп жүрген кезім. Содан жарты жылдан кейін, ауылымызға жаңадан жас маман келді. Есімі – Сәбира екен. Сол күннен-ақ бірімізбен біріміз тез тіл табысып кеттік. Алғашында дос болып жүрдік, достығымыз сезімге, сезіміміз махаббатқа ұласты. Сөйтіп, 1986 жылдың маусым айында отау құрдық. Араға жыл салып өмірге Ілияс есімді ұлымыз келді. Сол ұлдан немере сүйіп, ата-апа атанып отырған жайымыз бар. Шаңырақ құрғанымызға биыл 33 жыл болды. Бүгінде елдің алдына шықпай, артында қалып қоймай, ғұмыр кешіп келеміз».*

Жақсы аға жан жары Сәбира туралы осылай деп тебіренді.

* * *

АНА деген сөзді естігенде елең етпейтін жан жоқ шығар,сірә?! Ана баласының бақытын, қуанышын аңсайтын жан. Сәбиді өмірге әкелгеннен бастап, түн ұйқысын төрт бөліп, дамылсыз қамын жасап жүреді. Баласының тезірек аяққа тұрып, адам болып кеткенін тілейді.

Әңгіме желісінде Бақберген аға өмірге әкелген Сәуле анасы туралы да айтып, ағынан жарылды. Айтуынша, анасының дүние есігін ашуының өзі бір тарих. Сонау 1939 жылдың жаз айында Сәуле апайдың анасы Бәти Бекбосынқызы ұжымшардың қант қызылшасында күндізгі түні тынбай еңбек етіп, озаттар қатарынан орын алады. Ол жылдары алдыңғы қатарлы еңбеккерлерді Мәскеуге Бүкілодақтық халықтар жетістігінің көрмесіне жібереді екен. Сол бір адал әрі тынымсыз еңбектің нәтижесінде еңбеккер Бәти Бекбосынқызы көрмеге баратын болыпты. Босануға айы, күні жақын қалса да Талдықорған өңірінен шыққан делегациямен бірге Мәскеуге барып, жұмыстарды бітірген соң Рязань қаласына келгенде жүрдек поезда сәби өмірге келеді. Қызметкерлер дереу ана мен баланы перзентханаға жеткізіп, бар жағдайды жасап, бауырына сәбиін басқан ананы араға он күн салып, гүл шоғымен елге қайтарады. Құндақтаулы жас нәрестемен жол жүріп келетін әйелге жолаушылар таңданыспен қарайды. Сол поезда Мәскеуде оқитын бір топ қазақ жастары елге қайтып келе жатыпты. Міне сол жастар: «Апай, қызыңызға Сәуле деген есім берсек қалай қарайсыз? Бет түзейтін айнамыз, Отанымызды елге танытатын, белгілі азамата болсын деп ырымдайық» деп ой салыпты. Содан елге оралған соң ол қызына Сәуле деп есім беріпті. «Алып – анадан ғана туады» деген осындайда айтылса керек-ті.

* * *

ҚЫЗ бен жігіттің бір-бірін тауып қосылуы, үй болуы – жоғары әлемде шешіліп қояды деседі. Біздің кейіпкеріміздің де жан жары Сәбира Асанованы жолықтырып, онымен серттесіп, үйленуі Жаратушының маңдайға жазған жазуы деп білеміз. Ағамыз жайындағы Сәбира апайымыздың да өз айтары бар.

*«Бәкең үйдің тұңғышы, мен үйдің кішісі едім. 1984 жылы таныстық. Таныстығымыз достыққа, достығымыз махаббатқа ұласты.*

*Қаладан ауылға неге барды дейсіз. Оқуға бару үшін колхоздан жолдама алу керек екен. Техникумды бітіріп, институтқа барсам деген ойым болған. Содан ветеринарлық техникумның есепші мамандығы дипломын қолыма алып, ауылға келдім. Мені кадр бөліміне жұмысқа қабылдады. Ол кезде ұжымның басым бөлігі орыстар еді. Солардың арасындағы екі қазақтың бірі мен, екіншісі Бәкең болатын. Сөйтіп, комсомолдың әр жиынына бірге барып жүрдік. Бәкеңді алғаш көргенімде үлкен кісі деп ойлағанмын. Ал сөйлесе келе арамыз бес жасқа үлкен екенін білдім. Бірден ғашық болдым демеймін. Бірақ, сезім болған шығар. Әйтпесе, үйленуге бел бумас едік қой.*

*Өмірге Ілияс есімді ұлымыз келді. Бүгінде ұлымыз Жасия есімді арумен шаңырақ көтеріп, балдай тәтті Алан, Дастан атты екі немереміз өсіп келеді. Осындай жақсы жанмен жолықтырған Тәңіріме шексіз ризамын. Алла бақытымызды баянды етіп, бала-шағаның қызығын бірге көруге жазсын».*

АДАМ өмірі қызыққа толы кітап сыңды. Оны оқыған сайын қызығына тоя алмайсың. Ертең не болады екен деп алдағы мерзімді күтесің. Алланың жазуымен осы жолдан шығып қалмасам деп жалғанышы өміріңе шүкіршілік етесің. Көңілің таза болса, бала-шағаныңның алдында нағыз бақытты жан болып шалқисың. Жастық шақта думан қусаң, есейгенде ұрпағыңның қызығына тоймай, ертеңгі күннен мол үміт күтесің. Жүрегің ауырмаса дейсің... Алпыстың асқарына шыққан ағамызға өміріңіздің қызыққа толы сәттері көп болып, жарқылдап жүріп, жүздің есігін ашуға жазсын дейміз.

**Сарби ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# КАК ТРАВЛЯ В СЕТИ УБИВАЕТ НАШИХ ДЕТЕЙ

**ДЕТСТВО – МАКСИМАЛЬНО ОТКРЫТАЯ ПОРА. РЕБЁНОК УЖЕ ХОЧЕТ ПОДЕЛИТЬСЯ С МИРОМ ТВОРЧЕСТВОМ И ЭМОЦИЯМИ, НО ЕЩЁ НЕ УСПЕЛ ОБЗАВЕСТИСЬ ТАНКОВОЙ БРОНЁЙ К СЛОВАМ И ПОСТУПКАМ ДРУГИХ ЛЮДЕЙ. ЛЮБАЯ НЕОСТОРОЖНАЯ ФРАЗА РАНИТ НЕОКРЕПШУЮ ЮНУЮ ДУШУ. И С РАЗВИТИЕМ ТЕХНОЛОГИЙ ПРОБЛЕМА СТАЛА ЕЩЁ ОСТРЕЕ: ЕСЛИ РАНЬШЕ ЗАПУГИВАЛИ МАКСИМУМ В МАСШТАБАХ ШКОЛЫ, ТО ТЕПЕРЬ ПОДОНКИ МОГУТ ДОКУЧАТЬ КРУГЛЫЕ СУТКИ В ОНЛАЙНЕ. КАК УБЕРЕЧЬ ПОДРОСТКА ОТ ТРАВЛИ?**

## ЧТО ТАКОЕ СЕТЕВАЯ ТРАВЛЯ?

У запугиваний в интернете есть общее название – кибербуллинг. В цифровую эпоху он проявляется по-разному: создаются издевательские карикатуры, фотоколлажи, мемы с жертвами, а то и целые сообщества. Доверчивых подростков могут «развести» на интимные или порочащие честь фото и видео, чтобы в дальнейшем шантажировать несчастных. Иногда взламывают личную страницу или создают фейковые аккаунты. И от лица бедолаги пишут его родителям, друзьям, преподавателям.

Методов онлайн-террора много, но объединяет их одно: жертва ни на миг не может отдохнуть от издевательств. В особо тяжёлых случаях негодяи могут продолжить атаки и в реальной жизни. Разумеется, рано или поздно даже самой длительной агрессии придёт конец – троллям попросту наскучит донимать ребёнка. Но дожить до этого момента не так просто. В буквальном смысле.

Кибербуллинг – относительно молодое явление. Семь лет назад произошла известная история с трагическим концом: в 2012 году в Канаде ушла из жизни 15-летняя Аманда Тодд. Друг по переписке уговорил её прислать снимок обнажённой груди, после чего выложил фото в сеть, спровоцировав волну оскорблений. Семья девочки переехала в другой город, и на время всё улеглось. Однако спустя год тот самый преследователь объявился снова. Парень поставил на аватарку злополучное фото и принялся писать новым приятелям Аманды. Психологический прессинг продолжился. Вскоре девушку избила озлобленная толпа. Аманда попыталась себя убить, но её вовремя спасли. Увы, второй раз помощь не подоспела – девочка скончалась 10 октября 2012 года. Имя Аманды Тодд стало нарицательным для феномена кибербуллинга в Северной Америке. Мать погибшей организовала фонд, который помогает подросткам, столкнувшимся с онлайн-атаками. Позже полицейские выяснили, что пользователь, разместивший снимок обнажённой Аманды, склонил к подобным действиям в интернете 40 девочек и мальчиков.

## А ЧТО У НАС?

В результате опроса выяснилось, что дети 13-14 лет немного чаще сталкиваются с кибербуллингом, но в целом возрастных различий нет, разве что девочки переживают его болезненнее. Больше всего от агрессии страдают ребята 9-12 лет – они чаще отвечали, что поведение негодяев в сети их «очень сильно расстраивает».

Но главное – родители даже не подозревают, что с их близкими что-то не так. Лишь каждый пятый (21%) знал об издевательствах, с которыми столкнулось его чадо. Больше половины (61%) были уверены, что ничего подобного не случалось. Около 82% родителей, чьих детей унижали в сети, считали, что их кровинка никогда с таким не сталкивалась. Согласитесь, статистика жуткая.



## ПОЧЕМУ ТАК ПРОИСХОДИТ?

Получается классическая проблема – взрослые уверены, что всё в порядке, а дети ведут какую-то параллельную жизнь. В общем, это нормально: мало кто в свои 13 от и до рассказывал о подростковых приключениях. Но сейчас ребята находятся в более публичном поле: их действия на виду, а «обнулить» жизнь, уехав в другой город, уже не получится – тролли найдут везде. Не сработает и опыт родителя: никакие «дай сдачи» и «не обращай внимания» уже не помогут – сейчас другое время. Да и кому сдачи-то давать? Отморозку с аватаркой Анонима из сообщества «ВКонтакте»? И как не обращать внимания, если агрессор дотянулся буквально до каждого знакомого в интернете? Ответить на вопросы нам помогли психологи:

*«Подростковый возраст не зря получил репутацию «трудного». Если говорить психологическим языком, это кризисное время. Привычные, детские способы поведения рушатся, когда до формирования «взрослых» механизмов ещё довольно далеко. Всё это усугубляется глобальной перестройкой организма, преимущественно гормональной, что и усиливает перепады настроения, делает эмоции острее, жёстче. Каждая неудача может быть концом света, каждый триумф – эйфорией. Именно поэтому подростки куда больше подвержены влиянию вредоносных факторов. Это состояние можно только пережить и перетерпеть. Но при активной поддержке родителей и, если потребуется, специалистов проходит оно куда проще. Помните, что обеспечить ребёнка профилактической информацией и эмоциональной поддержкой легче, чем в дальнейшем решать запутанные психологические проблемы».*

Чтобы подростка не оскорбляли в онлайне, психологи рекомендует провести профилактическую беседу:

*«Разберите с вашим сыном или дочкой этикет поведения в соцсетях. Поясните, что общение должно быть таким же вежливым, как и в реальности, и анонимность не даёт вседозволенности».*

Кроме того, ребёнок должен понимать, что безнаказанность в сети – мнимая. Вычислить можно не только жертву, но и обидчика. Иногда интернет даже выступает в роли высшей справедливости.

*«Научите ребёнка пониманию, что можно публиковать в открытом доступе, а что нельзя. Травле подвергают в том числе и тех, кто сами публикуют провокационную информацию и фотографии. Детей помладше иной раз атакуют просто из-за того, что они указывают свой возраст в сетевых обсуждениях. Запомните простое правило: всё, что попадает в сеть, даже в закрытых переписках, могут увидеть вообще все. И, конечно же, ни в коем случае нельзя публиковать свой телефон и адрес. Даже номер школы лучше не сообщать»,* – разъясняют психологи.



Ещё один шаг к безопасности – разгрузка информационного поля. Анонимных и незнакомых «шакалов» обычно не остановить, но можно ограничить их действия и видимость. Покажите своему чаду, как банить людей и оформлять на них жалобы – такая кнопка есть в любой соцсети. Объясните, что пароли должны быть сложными, по сомнительным ссылкам переходить нельзя, а уж отсылать личные фото – тем более.

Стоит ли контролировать поведение ребёнка в интернете? Вопрос щекотливый и сложный. С одной стороны, хочется установить полную слежку: вдруг что-то скрывает? С другой – мало кто желает стать диктатором, захватившим личное пространство.

*«Будьте защитником от негативной информации, а не надзирателем, – советуют психологи. В крайнем случае, не стесняйтесь прибегать к родительской власти и ограничивать доступные ресурсы, отслеживать посещаемые страницы. Но лезть в личную переписку действительно не стоит».*

## МОЙ РЕБЁНОК - ЖЕРТВА КИБЕРБУЛЛИНГА. ЧТО ДЕЛАТЬ?

На сайте «Дети онлайн» опубликована подробная инструкция – как себя вести, если ребёнка начали травить.

В первую очередь: не истерите, узнав о беде подростка. Бурная реакция может отпугнуть, отбив дальнейшее желание делиться с вами какими-либо проблемами. Разберитесь, кто травит. Если это незнакомцы, напомните сыну или дочери, что агрессоры не имеют реальной силы – обычно их власть ограничена рамками смартфона и ноутбука. Кроме того, невменяемого собеседника всегда можно добавить в чёрный список. Если буллинг исходит от реальных знакомых и грозит перейти во что-то страшное, необходимо выйти на более высокий уровень, обратившись к специалистам: юристам, полицейским, учителям, психологам. Покажите им скриншоты с оскорблениями и угрозами.

Внимательнее следите за поведением чада. Заметили неладное – обращайтесь к психологу или психотерапевту. И помните. Сам по себе кибербуллинг – не смертельная болезнь: он не сможет нанести вреда, если у жертвы нет других проблем.

Безусловно, такие вещи могут представлять опасность для психики ребёнка. Но если на фоне этого проявляется суицидальное и самоповреждающее поведение, мысли, намерения, то, скорее всего, проблема куда глубже. А травля в социальной сети – просто триггер, спусковой крючок и удобная мишень для перекладывания ответственности. Если ребёнок становится замкнут, напуган, теряет сон и аппетит, высказывает суицидальные мысли, то не сражайтесь с ветряными мельницами, а идите вместе к специалисту. И чем скорее, тем лучше.

Напоследок – банальный, но важный совет. Вспомните себя в юном возрасте. Вспомните, как в четырнадцать лет писали неумелые стихи и попадали под шквал уничижительной критики. Как щёлкали фото, снимали на старый JVC видео. И не выкладывали это в интернет лишь потому, что никакого интернета ещё толком не было. Вы смогли всё пережить. Теперь помогите своему ребёнку. Поставьте себя на его место – это ключ к пониманию.

**А.МУРАТКЫЗЫ**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘДЕНИЕТ

# МУЗЕЙ - ТӘРБИЕ КӨЗІ

**МУЗЕЙ – ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ. ӨЙТКЕНІ, МУЗЕЙ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХЫН, МӘДЕНИЕТІН, ӨНЕРІН ЖИНАҚТАП, ЗЕРТТЕП-ЗЕРДЕЛЕП, САҚТАЙТЫН ЖӘНЕ ОНЫ ХАЛЫҚҚА НАСИХАТТАЙТЫН ҒЫЛЫМИ, МӘДЕНИ-ТАРИХИ ОРТАЛЫҚ.**

Музей қызметкерлері музей қорындағы бағалы жәдігерлерді сабақтың көрнекілік құралы ретінде пайдаланып, белгілі бір тақырып аясында қызықты сабақтар өткізеді. Ол экскурсиялық, сұрақ-жауап. Лекция, ойын немесе белгілі бір бағыттар мен нысандарға экскурсиялық саяхат ретінде ұйымдастырылады. Музейлік педагогикада ойын технологиясы, ұжымдық шығармашылық технологиялар, проблемалық және жеке оқыту технологиялары тиімді. Музей педагогикасы ақпараттандыру, оқыту, шығармашылық негіздерін дамыту, қарым-қатынас сынды бірнеше бағытты қамтиды. Музей педагогикасының формалары да үнемі өзгеріп, дамып отырады. Олар көп жыл көлемінде қалыптасты, сонымен қатар, қоғамның сұранысы, ғылыми ізденістер, тарихи оқиғалар әсерінен өзгеріп те отырды. Мәдени-ғылыми жұмыстың кез келген формасының басты ұстанымы – экскурсанттардың бейресми ортада білім алуына, өзін-өзі дамытуға, ұнататын, қызығушылық туғызатын жұмыспен айналысуына мүмкіндік беру. Музей келушілердің (оқушылар, студенттер) бос уақытын қызықты өткізетін орын ретінде ғана емес, нағыз тарихи айғақтардан тұратын мекеме ретінде білім жүйесіне көмекке келуде. Осылайша, музей мен білім жүйесі бірігіп, адамның рухани байлығы мен тарихи білімін қалыптастыру жолында бір бағытта жұмыс жасайды. Білім жүйесіндегі рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, тарихи-өлкетану тәрбиесін берудегі тәжірибені музеймен бірлесе отырып жүргізу қазіргі таңда кең өріс алуда. Музейлік заттар, яғни құндылықтар белгілі бір оқиғалар мен тұлғалар жөнінде ақпарат беретін дереккөз ретінде экскурсантқа эмоционалды түрде әсер ете алады, өткен әлемге ойша кіру арқылы сол оқиғаға, кезеңге қатыстылығын сезіне алады. Дәл осы әдіспен бала жүрегіне көпір салып, дұрыс өмірлік бағыт алуына, өмірдың мәңгілік құндылықтарын түсіне білуіне көмектесуге болады. Оқу орны беретін білім мен тәрбиенің жалғасы ретінде заттай көрнекіліктермен толықтыруға болады.

Музей экспонаттары көмегімен тарихи кезеңдерді толық зерттеп, заттай деректермен көрсетіп, әр экспонатты сөйлету арқылы білім мен тәрбиені егіз беру музей педагогикасы болып табылады. Мұғалім бала санасына сіңірісі келген білімін музей педагогикасына сүйене отырып беруі – музей және білім ордасы үшін де үлкен жетістік.

**Бауыржан ҚҰРБАН,**
**М.Тынышпаев атындағы**
**Алматы облыстық тарихи-өлкетану**
**музейінің аға ғылыми қызметкері.**

МЕДИАЦИЯ



# Татуластырудың тиімді әсілі

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырып, болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей жолдарды қарастыру қажеттігін атап көрсеткен болатын.**

Осы міндетті мүлтіксіз орындау мақсатында қазір елімізде дау дамайды медиациялық тәртіппен шешуге айрықша көңіл бөлінуде. Яғни, сотқа дейінгі сот арқылы тараптарды бітімгершілікке келтіру мәселесіне мән берілуде.

«Медиация» сөзі латын тілінен аударғанда «делдал, екі тарапты мәмілеге келтіруші үшінші тұлға» деген мағынаны білдіреді. Медиацияны жүргізу кезінде еріктілік, құпиялық, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы және медиация тараптарының тең құқылығы мен оның рәсіміне араласуға жол бермеушілік қағидаттары сақталуы тиіс. Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі. Медиация тәсілі сот жүйесіндегі әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы болмақ, яғни тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілген келісөз рәсімі. Медиация деген сөздің мағынасын екі жақты татуластыру рәсімі деп түсіндіруге болады. Медиация институты қазақ қоғамына жат емес. Ұлтымыздың тарихында билер институты болған. Азаматтар арасында туындаған дау-дамайларды билер, шешендер немесе беделі бар жергілікті ақсақалдар әділ шешіп отырған. Билердің негізгі шешетін мәселесі келген шығынды қалпына келтіріліп дауласушылардың бітімге жеткізу болып табылған.

«Медиация туралы» заңның 1-бабында оның қолданылу аясы белгіленген. Егер Қазақстан Республикасы заңдарында басқаша белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын даулар, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дау-шарлар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Азаматтар дауын сотқа беріп қойған соң, қайтып алуға болмайды деп ойлайды. Медиацияның ерекшелігі сол, бәлкім ыңғайлылығы да болар – дауды соттың қарауында жатқанда да сұратып алып, медиаторлар шешіміне ұсынуға болады. Іс медиация рәсіміне берілгенде, сот іс жүргізуді тоқтата тұрады. Медиация нәтижесінде мәмілеге қол жеткізілсе, дауды реттеу туралы келісім жазбаша түрде жасалады, екі жақ қол қояды. Дауларды реттеу туралы келісімді медиация тараптары ерікті түрде, келісімде көзделген тәртіппен және тағайындалған мерзімде орындауға тиіс.

**Айгерім ТЕЛІБАЕВА,**
**Талдықорған қалалық**
**сотының судьясы.**

МАМАН МІНБЕРІ

# ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК МӘСЕЛЕСІ

**Ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің нақты теңдігін қамтамасыз ету – уақыт талабы. Гендерлік саясат дегеніміз, әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу болып табылады.**



Қазақтың көшпелі дәуірінде қыздарды, әйелдерді жоғары бағалаған. «Оларға өмірдің сәні мен салтанаты, ер адамдардың ақылшысы, балалардың тәрбиешісі» деп қараған. Атабабаларымыз да әйелді құрмет тұтқан. Содан да болса керек, ұрпақ тәрбиесін әйел-анаға жүктеген.

Гендер – ерлер мен әйелдер арасындағы қатынастардың өмірдің барлық салаларында көрініс табатын әлеуметтік қыры. Гендерлік теңдік – қай жынысқа жататынына қарамастан, ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін және саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени өмір салаларына қатысуға нақты қолжетімділігін қамтамасыз ететін құқықтық мәртебе. Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері, ол мемлекет пен қоғам өмірінің барлық саласында ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру және дамыту, ерлер мен әйелдердің гендерлік теңдігіне қол жеткізуге және жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікті жоюға бағытталған тұжырымдамаларды, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу, қабылдау және іске асыру, ел халқы арасында ерлер мен әйелдердің тең құқылық мәдениетін тәрбиелеу және насихаттау, жыныстық белгісі бойынша кемсітушілікке жол бермеу, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларын және халықаралық міндеттемелерді орындау және саясатты, әлеуметтік-еңбек және отбасы қатынастарын қоса алғанда, тыныс-тіршіліктің барлық салаларында жыныстық теңдікті қамтамасыз ету үшін қоғамның құқықтық және саяси мәдениеті деңгейін көтеру болып табылады.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылы, Қазақстан Республикасының ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын органдар өз қызметінде гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге және әйелдердің құқықтарын қорғауға қатысатын қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды. Қазақстан Республикасының ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

**Гүлжан БЕРІКБОЛОВА,**
**Текелі қалалық сотының бас**
**маманы, сот отырысының хатшысы.**

# АЛҚАБИ БОЛУ – ЗОР МІНДЕТ

**Істің барлық материалдары танысу үшін өзіне ұсынылған кезде, сондай-ақ келесі кезеңде, оның ішінде сотта істі алдын ала тыңдауда, бірақ сот басты сот талқылауын тағайындағанға дейін күдіктінің, айыпталушының істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхат мәлімдеуге құқығы бар.**

Ал, күдіктінің ондай құқығын пайдаланған кезде басты сот талқылауы алқабилердің қатысуымен өтеді. «Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды.

Алқаби - соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған, ал алқабиге кандидат - Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес кейіннен алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін алқабиге кандидаттардың тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының азаматтары.

Қазақстан Республикасының алқабилер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңынан , Қылмыстық процестік кодексімен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Алқабилердің құқықтық жағдайы осы Заңда айқындалады. Алқабиге Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінде белгіленген тәртіппен қылмыстық іс бойынша сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу жөніндегі өкілеттіктер берілген.

Алқабиге кандидаттардың тізімдеріне азаматтарды енгізуге шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір шек қоюға жол берілмейді.

Алқабиге кандидаттардың тізімдерінен: 1) қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар; 2) өздерінің дене кемістігі немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабидің міндеттерін атқаруға қабілетсіз адамдар; 3) алпыс бес жастан асқан адамдар; 4) діни қызметшілер өздерінің жазбаша өтініші бойынша алып тасталады.

Алқабидің сотта міндеттерін атқару уақыты еңбек өтілін есептеген кезде есепке алынады. Алқабидің міндеттерін атқару кезінде оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқабидің сотта міндеттерін атқаруы кезінде оны жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

**Ержан ЖАНҰЗАҚОВ,**
**Алматы облысының қылмыстық істер**
**жөніндегі мамандандырылған аудандық**
**сотының судьясы.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АҚПАРАТ АЙДЫНЫ

# «ЖЕТІСУДАН СӨЙЛЕП ТҰРМЫЗ...»

**СӨЗДІҢ ӘЛҚИССАСЫН «АЛМАТЫДАН СӨЙЛЕП ТҰРМЫЗ» ДЕП БАСТАЙТЫН ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ДИКТОРЫ ӘНУАР БАЙЖАНБАЕВТЫҢ РАДИОДАҒЫ ӘУЕЗДІ ҮНІ ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ЖҮРЕГІН ЖАУЛАДЫ. БЕЛГІЛІ ДИКТОР ЮРИЙ ЛЕВИТАННАН КЕЙІН 1945 ЖЫЛҒЫ ЖЕҢІС БҰЙРЫҒЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ТҰҢҒЫШ РЕТ ЭФИРДЕ ОҚЫП, «ҚАЗАҚ РАДИОСЫНЫҢ» НЕГІЗІН ҚАЛАДЫ. ҰЛТ ҮНІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СОЛ КЕЗЕҢ БҮГІНГІ ТАҢДА ЕЛІМІЗДЕГІ БАРША РАДИОНЫҢ БАСТАУЫ БОЛА БІЛДІ.**



Журналистика–жан-жақтылықты, қазіргі тілмен айтқанда коммуникабельдікті талап ететін мамандық. Бұл саладағы әуезді дауысқа ие жандардың көбі радионы таңдайды. Әлбетте, олар тыңдаушының жүрегіне жол таба біледі. Әйтпесе, радио журналисі болудың мәні жоқ. Бұл сөзімізді өмірінің он екі жылын радиоға арнаған журналист әрі белгілі ақын Айнұр Төлеу де растайды. Оның айтуынша, «Радио – журналистиканың ең қиын саласы». Телеарна, газет пен журналдарда қызмет етіп көрген тәжірибелі маманның радиоға осындай баға беруінің өзі бекер емес болар.

Радио қалай сөйлесе, халық та солай сөйлейді. Сондықтан, басқа бұқаралық ақпарат құралдарымен салыстырғанда әуе толқынында хабар таратудың жүгі ауыр. Бір кездері радио ең жылдам хабар тарату құралы болған. Ал ақпаратты түрлі суреттер мен бейнелер арқылы беретін интернет заманында, тыңдармандарды тек әдемі дауыспен қызықтыру оңай емес. Соған сай радиожурналистерге қойылатын талап та қатаң. Халық микрофон алдындағы дикторлардың әдемі дауысынан бөлек, мағыналы, терең ойларын естігісі келеді. Жұмысын таяуда ғана бастаған «Жетісу» радиосының бас редакторы Айнұр Төлеудің сөзінше, радио журналист сауатты жазып, дұрыс сөйлей білуімен қатар, хабарын өзі монтаждай алатын болуы керек. Сондай-ақ оған режиссерлік және операторлық қабілет керек. Бүгінде осындай жан-жақты мамандар қызмет ететін радио мектебі Жетісу өңірінде де қалыптасып келеді.

Бір кездері жұмысы тоқтаған радио жанданып, облыс жұртын әуезді үніне қайта бөледі. Белгілі журналист, жазушы Есболат Айдабосын мен тәжірибелі радио-диктор Айнұр Төлеудің жетекшілігіндегі жас мамандар талғампаз тыңдармандарын жағымды жаңалықтарымен қуантуда. Радионы қайта жаңғырту Бейсен Құранбектің бастамасымен «Жетісу» телеарнасының 20 жылдық мерейтойы аясында қолға алынып, осылайша 2019 жылдың 7 мамыр күні «Жетісу» радиосы алғашқы эфирін бастады.

Радио облыс жұртшылығына 99.9 FM жиілігінде таңғы сағат сегізден бастап жаңалықтар мен түрлі бағдарламалар легін ұсынады. Онда әлеумет, экономика, мәдениет, тарих, әдебиет, өнер мен бүгінгі күннің басқа да өзекті тақырыптары қозғалады. Бүгінде әуе толқынынан берілетін бағдарламалардың көбі халықтың көңілінен шығып, тұрақты тыңдармандарын да тауып үлгерген. Солардың бірі, әр жұма сайын эфирге шығатын «Имани гүл» атты бағдарлама. Танымдық бағыттағы хабарда жұма уағызы, діни хикметтер, аңыз-әпсаналар мен пәтуалар тарихы айтылып, түрлі тақырыптарға байланысты имамдардың пікірі беріледі. Оған қоса эфирде дінге байланысты жазылған түрлі ойлар мен ғылыми еңбектердің мазмұны талқыланады. Ал «Дала дәстүрі» хабарында қазақ және көне түркі халықтарының түсініктеріне, ырым-тыйымдарына талдау жасалады. Ұзақтығы 10 минут болатын бағдарламада аспан денелері, аң-құс, салт-дәстүрлерге қатысты наным-сенімдер туралы сөз қозғалады. Оның көрермендерге, әсіресе жастарға берері көп.«Жетісу» радиосының әуе толқынындағы тағы бір тың жоба «Ән тарих» деп аталады. Бағдарламаның басты мақсаты ел арасында танымал болған әннің алғашқы орындаушысы мен оның шығу тарихын баяндау. Эфир барысында әндердің авторларымен сұхбат жүргізіліп, белгілі туындылар жайында көпшілік біле бермейтін деректер айтылады. Аталған бағдарламалар аптасына бір рет тыңдармандарға жол тартады. Облыстық радионың қоржынында одан басқа «Қателік», «Білте шамның жарығы», «Экономика тынысы», «Әдебиет пен адамзат», телеарнадан қосылатын «Таңжарық» және «Шашу» сияқты хабарлары бар. Күнделікті эфир уақыты балаларға арналған қазақ және шетел жазушыларының ертегілерімен аяқталып отырады.

Әр сағат сайын тыңдармандар назарына жаңалықтар топтамасы да ұсынылады. Онда әлемде, елімізде, өңірімізде орын алып жатқан ең өзекті оқиғалар мен өзгерістер баяндалады. Осы тұста радионың ақпарат тарату саласында жеткен жетістігін атап өтпеске болмас. Жақында еліміздің қорғаныс министрлігі әскери жаңалықтарды дер кезінде жеткізгені үшін «Жетісу» радиосын ресми түрде марапаттаған еді. Қарулы күштердің тыныс тіршілігін бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихаттап жүрген отандық, шетелдік журналистер мен блогерлер қатысқан «Әскер медиа – 2019» байқауында «Жетісу» радиосы жүлделі екінші орынға ие болды. Бұл білікті мамандардан жасақталған ұжымның бір жылға жетпес уақыт аралығында жеткен жетістігі. Білімі мен біліктілігі ұштасқан мамандардың мектебінен өткен Гауһар Мұса, Әсем Жұмақан, Алтынай Мақым, Салтанат Жексембек, Сафа Серғазы сынды журналистер күнделікті тыңдармандарға жол тартатын хабарларды дайындайды. Сонымен қатар радио ұжымы жақында «Аудио кітап» жобасын жарыққа шығарды. Басты мақсаты –өңірімізден шыққан белгілі ақын-жазушылар шығармаларын халыққа кеңінен насихаттау. Радио дикторлары дыбыстаған поэзиялық және прозалық туындылар үлкен екі жинақ болып шыққан. Бүгінгінің танымал ақын-жазушылары Мақпал Мыса, Бақыт Беделхан, Ерлан Жүніс, Дәурен Қуат, Есей Жеңісұлы, Бейбіт Сарыбай сынды қаламгерлердің шығармалары жинақталған аудио кітапты «Жетісу» телеарнасының сайтынан тыңдауға болады.



Ақпарат айдынына енді ғана қадам басқан радио ұжымының алға қойған мақсаты да биік. Олар – жақын күндері талғампаз тыңдармандарына өрелі ой айтар хабарлар мен өрісті бағдарламаларды ұсынбақшы.

**Айсұлу ӘБІШЕВА**

*Новелла*

# АЛҒАШҚЫ ҚАР

– Дәурен, терезеге қарашы, қар жауып тұр ма? – деп, ауруы асқынып, ауыр күрсінген Сәуле қинала сұрады.

– Жоқ, әлі жауған жоқ. Аспан түнеріп тұр ғой жарықтық, жауатын шығар.

– Мен ақ қарды ұзақ күттім. Биыл неге қар ерте жаумай жатыр екен?

Төсекке таңылып жатқан Сәуле өткен өміріне көз жүгіртті. Адамның жаны қиналғанда көз алдына сайранмен өткен жастық шағы, босқа өткен уақыты, денсаулығына салғырт қарағаны несіне еске түсе береді екен? Істеген істері мен маңдай терімен тапқан дүниесін қайда жұмсағаны да пенденің ойынан кете қоя ма? Жалған өмірдің жылт еткен сәулелі сәттері де қылаң береді. Өмірінің ең жарқын сәті таныс киноның лентасындай зу етіп өте шықты. Міне, ақ бас киім, ақ пәлте киініп, ақ бөкебай оранған, ақ етікті, қарақат көзді әдемі қыз әп-сәтте еріп кететін ақ қарды уысында ұстап, қызықтап тұр... Құдды ақшақар секілді.

– Сәуле, сенің қысты ұнатаныңды білем. Бірақ сен алғашқы қарды ерекше жақсы көресің, иә? – деді Дәурен жұбайын жұбатпақ болып.

– Қар жауды ма? - деп Сәуле қайталай сұрады. От лаулаған пештің түбінде жылынып, кітапқа бас қойған Дәурен терезеге қарады.

– Сәуле, қар жауыпты!

– Мені, орнымнан тұрғызшы. Алғашқы қарды өз көзіммен көргім келеді.

Дәурен сүйіктісін қолтығынан демеп, сыртқа шығарды. Таң бозарып атыпты. Жер мен көктің арасында болмашы жел еседі. Аспан тұманға оранғандай. Қара жерге ғашық аппақ қар сонау көктен құйғыта кеп, топырақтың бетін шөп-шөп сүйіп, сағынғанын білдіріп қояды. Енді бірі қалықтай қонақтап, жапырағын қоңыр күз тонап кеткен ағаштарға басу айтқандай, ақ мамыққа қымтай түсуде. Бозғылт аспан тым биіктен жастық-бұлтының ақ қауырсынын шашып-шашып жібергендей, қара жер әп-сәтте ақ кебінге орана бастады.

– Алғаш жауған қар неткен әдемі! Қар жапалақтап жауғанда жаным сондай рахаттанып, айналам сұлулыққа бөленіп кетеді. Маған ерекше күш-қуат сыйлайды.

– Иә, біздің бала күнгі арманымыз секілді.

– Сен ештеңе түсінбедің, Дәурен! Аппақ қар тәңірдің адамдарға жауған нұры. Мен балалық шағымда алғаш рет жауған қарға қос алақанымды тосып, көкке қарап, Жаратқаннан тілек тілеп тұратынмын.

Дәурен жұбайына жалт қарады. Дәл қазір жанында бөтен біреу отырған секілді. Қалбалақтап ұшқан қар ұшқындары денесіне тиіп, лезде еріп кетіп жатыр.

– Қызық екен? Сонда не тілейсің?

–Жер бетіндегі адамдар бір-біріне мейірімді, кешірімді болса екен деп тілеймін. Мен жыл сайын аппақ қар жауғанда тәңірден осы алғашқы қар секілді пенделердің жүрегі кіршіксіз ақ, жаны нұрдай таза болса екен деп жалбарынам.

– Екеуіміз бір шаңырақ астында тұрғалы талай жыл өтіпті. Бірақ мен сені әлі түсінбей келем. Бірде демалыс күні ақ қар жауды. Мен үй ішінде кітап оқып отырып, терезенің ар жағында сенің қалықтай ұшып жерге жаңа түскен аппақ қарға қос алақаныңды тосып, көкке көз тігіп тұрғанына қайран қалғанмын. Сол кезде мен басымды шайқап, мырс етіп күліп қана қойғанмын.

Ауруының асқына түскенін жасырып қалған Сәуле еріксіз езу тартып күлді. Жүзінде бір белгісіз қуаныштың табы білінсе, ойлы жанарлары мұңға толы еді.

– Өмір бойы сенімен бірге жүрсем де, түсіне алар емеспін. Мұнша қиялы болармысың? Әлде, есіңнен алжасайын дедің бе?

– Жоқ, мүлде олай емес. Айттым ғой, мына ақ қар Жаратқанның бізге берген аманаты. Бәлкім, ескертуі де шығар. Адамдар ақ қар туралы не ойлайды екен? Маған сол қызық. Біз күнде тіршілік қамы жайлы ойлай береміз. Ақ қар бізге нені еске салды? Шіркін, әлемнің жүрегі менің жүрегім секілді болса ғой. Тек менің тілегім ақ болса да, жүрегім таза деп айта алмас едім. Сол үшін құлшылық қылам. Білесің бе, мен түсімде ақ қар көрем, аппақ нұрға шомылып жүрем.

– Жынданайын дегеннен саумысың?! Не айтып кеттің? Біз жылдың төрт мезгілі алма кезек келетін жерде өмір сүріп жатырмыз. Әр қыс сайын қар жауады емес пе? Аманат дейсің бе? Ертең-ақ адамдар аппақ қарды табанымен таптап, жер бетін былғайды.

– Солай ғой. Бірақ аппақ қар бір сәтке болсын арды еске салады. Сабырлы қара жер әлемнің бар күнәсін үнсіз бойына сіңіреді. Мен бір нәрсеге қапалымын. Біз перзент сүйе алмадық. Өміріміз босқа өткендей...

– Иә, оның рас. Біз ұрпақсыз дүниеден өтіп барамыз, - деді Дәурен терең күрсініп.

– Мен баламыз болса екен деп армандайтынмын. Дәрігерден өзімнің сәби сүйе алмасымды білгенде әрбір қазақ шаңырағында бала көп болса екен деп тіледім. Шіркін, біздің баламыз болғанда ғой, ол да мен секілді алғашқы қар жауғанда қуана ойнап, адамдарға жақсылық тілеп тұрар еді...

– Түсінші, Сәуле! Біз екеуіміз ғанамыз. Оны несіне айта бересің. Енді сен секілді тілек тілейтін ешкім жоқ.

– Мен адамдарға жақсылық тілегенім үшін ертең-ақ сый-құрметке кенелетініме сенем. Бізді тек сенім мен үміт алға жетелейді. Маған осы ақ қар бір хабар беретіндей. Міне, көрмейсің бе, төбемізден сауылдап нұр жауып тұр. Біз де өзгелерге осылай болуымыз керек.

Дәурен жан-жағына қарады. Көшеде кетіп бара жатқан адамдардың үстіне қар қалықтай қонып, нұр боп сіңіп жатқанын көрді. Ол тәңір нұрының игілігін адамдар көктемде көретінін білетін.

– Жүр, Сәулем, үйге кірейік. Жаурап қалдың ғой, - деді Дәурен жарын еркелете. – Ақ қар ешқайда кетпейді.

– Кішкене тұра тұрайықшы. Аппақ нұрға шомылған қандай керемет! Өмір сүргім келеді.

Шал мырс етіп күлді де, кемтар кемпірінің қолтығынан демеп, үйге кірді.

...Биыл тағы да жапалақтап алғашқы қар жауа бастады. Бұл кезде әбден қартайып, бойынан әл кетіп, суық үйде күрк-күрк жөтелген Дәуреннің түсіне ақ қар кіріп жатты. Себелеген аппақ нұр арасынан өзінің сүйгені Сәуле қол бұлғап, шақырып қояды. Қария оянып, көзін ашса, денесі тоңазып, суықтан селкілдеп жатыр екен. Жанында тірі жан жоқ. Терезеге қараса, таң атып қалыпты. Ақ қар жауып тұр екен. Өмірге деген құштарлығы оянып, далаға шығып, таза ауа жұтқысы келді. Алақан жайып, ақ қардың иесінен тілек тілегісі келген. Тек әжім басқан ебедейсіз, тарамыс-тарамыс қолдарымен сал боп қалған денесін көтере алмады. Лезде еріп кететін ақ қарды қолымен ұстау арман болғанын сезгендей қатты өкінді. Осы сәтте қарттың бетін жып-жылы жас жылытып, жұбатып жатты. Сәлден соң кірпіктері әрең қимылдады. Жүзіне сабырлы тыныштық тұнды.

...Аппақ қар әлі жауып тұр. Тек үйден тілек тілейтін ешкім шықпады.

**Асхат ӨМІРБАЕВ**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ПРОЯВЛЕНИЕ НЕУВАЖЕНИЯ К СУДУ

Проявление неуважения к суду или судье влечет установленную законом ответственность. Так, пунктом 9 нормативного постановления Верховного суда Республики Казахстан « О некоторых вопросах применения законодательства о судебной власти в Республике Казахстан от 14 мая 1998 года, разъяснено, что за проявление неуважения к суду, если оно не содержит признака другого специального административного правонарушения или преступления, виновные лица несут административную ответственность по статье 653 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях (далее – КоАП), в соответствии с которой неуважением к суду признаются любые действия, (бездействие) свидетельствующие о явном пренебрежении к суду или установленным в суде правилам.



Неуважение к суду, выразившееся в оскорблении судьи и (или) присяжного заседателя в связи с его служебной деятельностью, влечет уголовную ответственность по части второй статьи 410 УК РК.

В соответствии с главой 33 КоАП РК которая предусматривает административную ответственность за правонарушения, посягающие на институт государственной власти.

В данной главе предусмотрена административная ответственность по ст. 653 КоАП РК за проявление неуважения к суду, которая состоит из двух частей.

1. Неуважение к суду, выразившееся в неявке в суд без уважительных причин участников процесса и иных лиц по повестке, извещению, уведомлению или вызову в случаях, когда дальнейшее рассмотрение дела в их отсутствие представляется суду невозможным, неподчинении распоряжениям председательствующего в судебном заседании, нарушении установленных в суде правил, а также иные действия (бездействие), явно свидетельствующие о неуважении к суду и (или) судье, - влекут предупреждение либо штраф в размере двадцати месячных расчетных показателей либо административный арест на срок до пяти суток.

2. Действия (бездействие), предусмотренные частью первой настоящей статьи, совершенные повторно в течение года после наложения административного взыскания, - влекут штраф в размере тридцати месячных расчетных показателей либо административный арест на срок до десяти суток.

**Маулен ЕРЖАНОВ,**
**главный специалист-секретарь судебного заседания СМУС Алматинской области.**

# СТРАТЕГИЯ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА В КАЗАХСТАНЕ

**В целях реализации принципов гендерного равенства во всех сферах жизни общества Казахстан определил своим приоритетом в области внешней политики интеграцию с мировым сообществом. В Декларации тысячелетия Организации Объединенных Наций (2000 г.), которую подписало большинство стран мира, поощрение равенства мужчин и женщин, расширение прав и возможностей женщин определены в качестве основных целей развития человечества в третьем тысячелетии. В настоящее время во всем мире исторически сложившееся доминирование мужчин над женщинами претерпевает изменения.**

За годы независимости Казахстан также достиг определенного прогресса в области защиты прав и законных интересов мужчин и женщин. Одним из направлении стратегии является достижение гендерного равенства в экономической сфере, дальнейшее развитие предпринимательства среди женщин, повышение конкурентоспособности женщин на рынке труда.

Благодаря внутренней стабильности, реализации стратегии индустриально-инновационного развития, государственных программ возрождения села, развития малого бизнеса и снижения бедности в Казахстане создаются большие возможности для сокращения безработицы и обеспечения занятости мужчин и женщин. Создана реально работающая рыночная экономика.

В настоящее время женщины быстрее могут найти работу в нерегистрируемом секторе. Так называемое "самозанятое население" представлено в основном женщинами, для которых торговля - это единственный источник доходов и существования для всей семьи. Особенно велика доля самозанятости женщин в аграрном секторе. Сильными сторонами данного направления является:

- целевое увеличение инвестиций в "человеческий капитал", которые по значимости не уступают инвестициям в экономическое развитие страны и являются важнейшей предпосылкой экономической модернизации на перспективу и необходимым условием долгосрочного стратегического планирования, осуществляемого на основе принципа гендерного равенства.

-понимание руководством страны необходимости предотвращения любых форм дискриминации в отношении женщин.

-начатая Правительством Республики Казахстан поддержка отраслей, в которых преимущественно заняты женщины.

-поддержка Правительством Республики Казахстан кредитной линии для женщин-предпринимателей, рост активности женщин в экономике, создание и развитие женских неправительственных организаций, занимающихся экономическим продвижением женщин.

При этом, необходимо отметить, что на женщин возложена основная часть неоплачиваемой домашней работы и у них остается меньше времени на карьеру, повышение квалификации, самообразование. Наше общество до сих пор не признает экономической ценности домашнего неоплачиваемого труда женщин, в том числе ухода за детьми.

В современных условиях вопросы гендерного равенства особо актуальны и относятся к числу наиболее важных социальных проблем.

Это означает, что в перспективе в данном направлении предстоит проявить большие усилия для четкой и слаженной работы как со стороны государства, так и общества с целью внедрения действенных механизмов по достижению равных возможностей мужчин и женщин.

**Арай МЫНЖАНОВА,**
**судья СМУС Алматинской области.**

# МОДЕРНИЗАЦИЯ ГРАЖДАНСКОГО СУДОПРОИЗВОДСТВА

Перед судейским сообществом поставлена четкая задача: модернизировать гражданское судопроизводство с тем, чтобы порядок рассмотрения гражданских дел был удобным и быстрым для сторон процесса, ориентированным на их примирение и широкое использование современных технологий. Значительная роль при этом отводилась развитию упрощенных производств, позволяющих достичь разумного баланса между процессуальной экономией и сохранением традиционных, фундаментальных основ гражданского процесса. Упрощенные производства ориентированы на наиболее простые и «повседневные» дела , то есть на охват широкого круга правовых конфликтов, разрешение которых должно быть поставлено под контроль судебной власти.

Упрощенные производства моделируются исходя из социальных потребностей, которые связаны с развитием экономических отношений и необходимость быстрого взыскания долгов по неисполненным обязательствам, ускоренного применения запретов и ограничений, судебной защитой и констатацией прав и законных интересов.

Упрощенные производства предусматривают простой, понятный и недорогой для большинства слоев населения механизм защиты прав, что вызвано необходимостью обеспечения приспособленности процессуального закона под наиболее широкие категории дел, типовые ситуации, в которые попадает большинство потенциальных участников процесса.

Оптимизации процесса судопроизводства, устранению длительности рассмотрения дел, упрощению доступа к правосудию, сокращению периода принятия окончательного решения и вступления его в законную силу содействует расширение перечня оснований споров, подлежащих рассмотрению в упрощенном производстве. Дела в упрощенном производстве рассматриваются без вызова сторон спора в суд, в короткие сроки.

Вместе с тем, нормами ГПК с целью соблюдения принципа равенства сторон предусмотрено процессуальное право должника, ответчика направить свои возражения против доводов взыскателя или истца, предоставить соответствующие доказательства.

Отдельного внимания заслуживают положения ГПК, принятые во исполнение вышеуказанных задач, о возможности лиц, участвующих в деле, реализовывать свои права на судебную защиту с использованием электронных информационных систем, подавая в суд заявления о вынесении судебного приказа, возражения на него в форме электронных документов, отслеживая удаленно движение по делу.

Новым ГПК сокращается участие прокурора в суде по гражданско-правовым спорам, что позволяет с одной стороны обеспечить действительную состязательность сторон, являющуюся важным принципом гражданского судопроизводства, а с другой стороны – сосредоточить внимание органов прокуратуры на приоритетных направлениях прокурорского надзора. Теперь прокурор в обязательном порядке вступает в дело только в случаях, когда требуется защита общественных интересов или граждан, которые самостоятельно не могут себя защищать, либо затрагиваются интересы государства.

**Диляра ИЗБАИРОВА,**
**судья СМЭС Алматинской области.**

# ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО О ГОСЗАКУПКЕ

Действующий с начала года новый закон по вопросам государственных закупок и закупок квазигосударственного сектора, позволил решить три главные проблемы: чрезмерная зарегламентированность закупок, низкая квалификация участников закупок и большая доля закупок из одного источника.

В целях единообразного подхода теперь закупки Единых организаторов определяться Минфином. Тем самым четко разграничиваются закупки централизованных служб. Кроме того, в рамках централизованных государственных закупок предусмотрены нормы, позволяющие объединять мелкие закупки в один крупный лот. Это позволит стандартизировать закупки и загружать производственные мощности бизнеса на большие объемы.

Теперь централизованные закупочные органы закупают не по-отдельности для одного заказчика, а сразу для нескольких заказчиков путем консолидации их потребностей.

Преимуществами такого подхода являются достижение лучшей цены и качества за счет большого объема закупок, возможности заключения сделок напрямую с производителями, сокращение расходов на проведение процедур закупок, стандартизации приобретаемых товаров, работ, услуг.

Касательно повышения квалификации и ответственности участников системы госзакупок можно отметить ряд моментов. Устанавливается новое квалификационное требование в виде финансовой устойчивости потенциального поставщика. Оно будет определяться по таким параметрам, как уплаченные налоги, наличие оборотных и основных средств, фонд оплаты труда. Данная информация будет извлекаться автоматически из информационных систем Комитета государственных доходов. Это также позволит повысить поступление налогов.

Одним из важных моментов является сокращение закупок из одного источника и снижения коррупции.

Из 53 оснований закупок из одного источника исключаются 5 случаев:

1) приобретения права природопользования;

2) приобретения ценных бумаг, доли в уставном капитале юридических лиц;

3) приобретения для осуществления монетарной деятельности, а также по управлению Национальным фондом РК и пенсионными активами;

4) приобретения товаров, работ, услуг, осуществляемого в соответствии с международными договорами РК, по перечню, утвержденному Правительством РК, а также в рамках реализации инвестиционных проектов, финансируемых международными организациями, членом которых является Республика Казахстан.

5) приобретения услуг по проведению технического и авторского надзора за проведением работ по сохранению объекта культурного наследия (памятника истории и культуры) народа Республики Казахстан.

**Гаухар КАСЫМБАЕВА,**
**судья СМЭС Алматинской области.**

**В ФЕВРАЛЕ ТЕКУЩЕГО ГОДА ПЕРВЫМ ПРЕЗИДЕНТОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н.А.НАЗАРБАЕВЫМ БЫЛИ ПОДПИСАНЫ КОНСТИТУЦИОННЫЙ ЗАКОН «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В КОНСТИТУЦИОННЫЙ ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ И СТАТУСЕ СУДЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН» И ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В НЕКОТОРЫЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ АКТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ВОПРОСАМ МОДЕРНИЗАЦИИ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ». КРАТКАЯ СУТЬ НОВЫХ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ АКТОВ - ЭТО МОДЕРНИЗАЦИЯ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ И ИЗМЕНЕНИЕ ПОРЯДКА ПОДБОРА КАНДИДАТОВ В СУДЬИ И ИХ РАССТАНОВКА НА СУДЕБНЫХ ДОЛЖНОСТЯХ.**

# РЕФОРМЫ В СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ

Так, реформой были упразднены президиумы пленарных заседаний Верховного суда и областных судов. В настоящее время функции президиумов перешли в компетенцию расширенных пленарных заседаний областных судов. В них принимают участие судьи областного суда и судьи районных судов соответствующей области, города республиканского значения, столицы.

Другой момент, который заслуживает внимания, - это изменение редакции ст.29 Конституционного закона «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан». В этой норме речь идет о требованиях, которые предъявляются к кандидатам в судьи. Сегодня реформа уравняла граждан Казахстана, отвечающих всем требованиям, предъявляемым к кандидатам в судьи, на равный их доступ к занятию должности судьи. По реформе 2016 года приоритет отдавался кандидатам имеющих пятилетний стаж работы в правоохранительных органах и в аппаратах судов, все остальные претенденты должны были иметь стаж работы по специальности не менее 10 лет.

Также следует обратить внимание, что в п.6 ст. 29 вышеназванного Конституционного закона, закреплен новый порядок замещения должности председателя и судьи районного суда и других судов. Эти должности замещаются на конкурсной основе.

**Ертис ОМАРОВ,**
**судья Талдыкорганского городского суда.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙМАҒЫ МЫҚТЫ ЕЛ – АЙБЫНДЫ ЕЛ

# БИІК МАҚСАТ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

**КӨКСУ АУДАНЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ БӨЛІГІНЕ ОРНАЛАСҚАН. ЖЕР АУМАҒЫ 6,9 МЫҢ ШАРШЫ ШАҚЫРЫМДЫ ҚҰРАЙДЫ. ТҰРҒЫНДАР САНЫ 41 МЫҢ. АУДАНДАҒЫ 34 ЕЛДІ-МЕКЕН 10 АУЫЛДЫҚ ӘКІМШІЛІК ОКРУГКЕ БІРІКТІРІЛГЕН. ОРТАЛЫҒЫ – БАЛПЫҚ БИ КЕНТІ.**

Аймақтың шығыс бөлігі таулы, қыратты. Оңтүстігінде Шаған, Лабасы, Қызылауыз, Сарыбастау, Жуантөбе таулары жатса, батысында Ақшоқы таулары орналасқан. Желдіқара кен орнында алтын мен күміс кендерінің қоры табылған екен. Мұны аз десеңіз аудан жерінен Көксу, Быжы, Қарасу мен Мұқыр өзендері ағып өтіп, Балқашқа құяды. Аудан аумағы жасыл желекті, бау-бақшасы мол, жемісі көз сүріндіреді. Алма, өрік, алмұрт ағаштарынан да аяқ алып жүргісіз. Киелі өлке дерсіз.

– Ауданымыздың табиғаты жанға жайлы. Суы мол, жері құнарлы. Тарихи жерлеріміз де көп. Құдай қаласа, туризм жұмысы әлі-ақ қарыштап дамитын болады. Бүгінгі таңда әкімдіктің басшылығымен жүйелі жүргізілген жұмыстың арқасында қасиетті жерлер мен табиғат ескерткіштерінің саны 84-ке жетті. Келешекте туризм саласы да нағыз кәсіптің көзі болары даусыз,–дейді Көксу ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Арын Керімбайұлы Алпысбаев.

**- Ауданның көркті, сұлу табиғатына айтар сөзіміз жоқ. Аумағы шағын болса да, атқарылып жатқан іс-шараларымен бүкіл республикаға танымал болып қалғанын да жақсы білеміз. Осы ретте кысқаша болса да ауданның экономикасы мен тыныстіршілігіне тоқтала кетсеңіз?**

– Өзіңіз айтқандай ауданымызда соңғы жылдары облыс әкімі Амандық Баталовтың тікелей басшылығымен біраз шаруаның басы қайырылды. Жаңадан кәсіпорындар іске қосылып, жұмыс орындары ашылды. Аз жылда-ақ, аудан экономикасы алға басып, ел-жұрттың әл-ауқаты оңала бастады. Нақтылай айтсам, 2017 жылы өнеркәсіп 12 миллиард 146 миллион теңгенің өнімін өндірді. Физикалық индекс көлемі 107,6 пайыз. Негізі еңбек өнімділігі ауданымыздың ең ірі деген үш кәсіпорынның жұмысына тиесілі екенін де ашық айтқанымыз жөн. Олар: «Көксу қант зауыты» ЖШС-і, «Уыз Май industry" ЖШС-і мен «Стройтель» серіктестігі. Мысалы бүгінгі күні «Көксу қант зауыты» тәулігіне 2 мың тонна қант шекерін шығарады. Бұл көрсеткіш алдағы уақытта еселей түспесе, төмендемесі де анық. Мұнымен қатар ауданымызда шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалардың саны да күн санап артып отыр. Олардың тіркелген саны 3022-ге жетті. Кәсіпкерлікке тартылған жандардың саны 8498 адам. Бұлардың негізін мал шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтары мен фермерлерден тұратыны да түсінікті. Осы ретте ауданымызда мал тұқымдарын асылдандыру жұмыстары жалғастырылып, өсімі де арта түсті. «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламасы да өз нәтижесін беруде.



Басқасын айтпағанда 2017 жылы аудан экономикасына 17 миллиард 881 миллион теңге инвестиция тартылуының өзі де біраз сырды аңғартқандай емес пе?!

**– Табиғаты жанға жайлы, көпшіліктің тұрмыс деңгейі көңілдегідей болса, елдің бұқаралық спортқа деген ынта-жігерінің де жоғары болатыны анық. Осы жағынан не айтасыз?**

– Бүгінгі күні Көксу ауданында 118 спорттық құрылым көпшілікке қызмет көрсетеді. Оның ішінде 1 орталық стадион, 1 спорт кешені, 1 шаңғы базасы, 11 ату тирі, 32 спорт зал, 71 жазықтық құрылымдар, 1 жүзу бассейні бар. «Жастар» спорт кешені мен орта мектептері және мәдениет үйлерінде орналасқан 27 спорт зал жұмыс істейді. Қазіргі уақытта мемлекетіміздің жергілікті жерде халықтың 30 пайызын 2020 жылға дейін бұқаралық спортпен тұрақты шұғылдануын қамтамасыз ету тапсырмасы да ойдағыдай жүргізілуде. Үстіміздегі жылдың көрсеткішіне сүйенсек аудан халқының саны 41240 болса, соның бұқаралық спортпен шұғылданатындардың саны 12617 адам. Яғни, дерегіміз бойынша бүгінгі күні спортқа тартылған жандардың көрсеткіші 30,6 пайызға жетті деген сөз. Спорт мектебінде 1241 оқушы тәрбиеленіп, спорттың 12 түрімен шұғылданады. Олар: еркін күрес, дзюдо, грек-рим күресі, бокс, баскетбол, волейбол, футбол, қазақ күресі, самбо, тоғызқұмалақ, хан дойбы және армрестлинг (қол күресі). Аудан бойынша 2014 жылдан бастап, әр ауылдық округтарда, елді-мекендерде спортты дамыту мақсатында дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушылар жұмыс істейді.

**– Аудан намысын қорғап, республикалық, әлемдік ареналарда топ жарған азаматтар бар ма? Мүмкіндікке қарай олардың аты-жөндерін де атай кетсеңіз дұрыс болар еді?**

– Әрине. Ел қошаметіне бөленіп жүрген баһадүр батырларымыз да баршылық. Ауданның ғана емес, Отанымыздың намысын қорғап, көк туымызды биікте желбіреткен біраз ағабауырларымыздың есімін атап өткеніміз де орынды. Бір ерекшелігі аудан азаматтары гір көтеру спортынан еліміз көлемінде көш басын бастап тұр десек те артық айтқандығымыз емес. Атап айтқанда гір көтеруден 11 дүркін Әлем чемпионы, 2 мәрте Гиннес рекордтар кітабын жаңғыртқан «Гір спортының батыры» атағының және «Алтын гір» иегері марқұм ағамыз Әмірбай Рысқұлов пен жеңіл атлетикадан Малайзия, Мәскеу, Америкада өткен бәсекеде күміс медальға ие болған, Үндістанның Банголор қаласында өткен Азия біріншілігінің қола жүлдегері, Әлем ардагерлері арасында өткен «Сібір халықаралық марафоны – 2011» жарысының жеңімпазы марқұм Қани Айпиев ағаларымыздың бейбіт күндегі теңдесі жоқ ерліктерін неге еске алмасқа. Ағалар жолын жалғастырып, гір көтеруден 5 дүркін әлем чемпионы, 4 мәрте Гиннес рекордын жаңғыртқан, «Крылатый лев» орденінің, «Алтын гір» иегері Жұмақан Кұзбаевтың алар асулары әлі де алда екенін айтқымыз келеді. Өткен жылы Латвия Республикасының Даугавпилс қаласында гір спортынан әлем чемпионаты өтті. Аламан бәйгеге 31 елден 700 спортшы қатысты. Міне осы жарыста жерлесіміз Жұмақан Кұзбаев ағамыз қазақ елінің намысын қорғап, көк байрақты желбіретіп, елге ірі жеңіспен оралды. Әлем спортшылары арасында топ жарды. Жас шамасы 60-64 аралығында өнер көрсеткен Жұмақан гірді сілке көтеруден әлемдегі ең мықты спортшы тек қазақ екенін дәлелдеп шықты. Бұл әлемдік аренадағы алтыншы жеңісі. Жұмақан ағамыз 32 келі тартатын гірді 10 минутта 107 рет көтеріп, рекорд жаңартты. Қол күресінен 9 дүркін Азия чемпионы атанған Әбдуали Тастановтың ерлігі де өзінше бір төбе. Енді жастар жағына келсек аудан спортшылары веложарыс, бокс, күрес пен волейбол ойындарынан да нәтижелі жеңіс биігінен көрініп жүр. Мысалы ауданымыздың жас спортшысы Глеб Брусенский велоспорт жарысынан Аргентинаның Буэнос-Айрес қаласында өткен аламан бәйгеде Олимпиада жеңімпазы атанса, дәл осы спорт түрінен Данил Пехотин үстіміздегі жылдың қаңтар айында Индонезияның Джакарта қаласында өткен веложарыстан Азия чемпионы атағына қол жеткізді. Самбо күресінен халықаралық спорт шебері, әлем чемпионатының күміс және қола жүлдегері Динара Жұмабаеваның да бағындырар биіктері алда екеніне де сенімдіміз. 2017 жылы Ресейдің Барнауыл қаласында дзюдо күресінен өткен XIV Халықаралық жарыстың чемпионы Нияз Ерсайынның да алар қамалы алда деп білеміз. Сол сияқты самбо күресінен 3 дүркін Азия чемпионы, «Жетісу бөрісі» қазақ күресінің күміс жүлдегері Айдос Қаңлыбаев пен 2013 жылы Серб мемлекетінің Зерянин қаласында өткен әлем чемпионатының қола жүлдегері Жасұлан Ерменбет сынды жастарымыз аудан спортшыларының мақтан тұтып, үлгі-өнеге алатын біртуар азаматтары екені де анық.

**- Иә, алдыңда үлгі тұтар ағалардың болғаны қандай жақсы. Қарап отырсақ шағын ғана аудан спортшыларының қол жеткізген жетістіктері де ұшан-теңіз. Дегенмен қысқаша болса да бүгінгі жастардың аяқ алыстары мен жеңістері туралы да баяндап берсеңіз?**

– Ауданымызда спортпен шұғылданатын жастардың саны 12 мыңнан асты. Олардың көпшілігі облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Айталық үстіміздегі жылы мамыр айының 16-20 күндері аралығында Талдықорған қаласында 2001-2003 жылы туған ауыл жасөспірімдер арасында Алматы облысының II жазғы ойындары ұйымдастырылды. Аталған жарыста ауданымыздың грек-рим күресінің палуандары командалық II орынды иеленді. Жасөспірім Бақтияр Шаймухамбетов 45 келі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанса, 80 келі салмақта Ардақ Қалиға қарсылас шақ келмеді. 55 келі салмақта Бақытжан Қабдыл мен 71 келі салмақта Ерасыл Әбдіқайыр үшінші орынды иеленді. Осы жылдың мамыр айында Лабасы ауылдық округінің Мамбет ауылындағы «Жастар» спорт кешенінде 2002-2003 жылы туған жасөспірімдер арасында самбо күресінен Алматы облысының чемпионаты өткізілді. Аталған жарысқа 9 аудан, 2 қала және Лепсі спорт мектебі қатысты. Жалпы командалық бірінші орынды Еңбекшіқазақ ауданы, екінші орынды Лепсі спорт мектебі, үшінші орынды Алакөл ауданы иеленді. Ауданымыздың жастары Ислам Дауытов, Бағжан Ауданбек, Алина Үшкемпірова, Бауыржан Манап, Аяжан Мұхтарғали, Ардақ Қали мен Ерасыл Жексенбаевтар әр салмақ бойынша үшінші жүлделі орындарға табан тіреді. Сол сияқты үстіміздегі жылдың сәуір айында қазақ күресінен Қостанай қаласында 1990-2001 жылы туған ұлдар мен қыздар арасында ҚР чемпионаты ұйымдастырылды. Жарысқа 18 команда, 385 спортшы қатысты. Алматы облысынан 22 спортшы өз бақтарын сынады. Ауданымыздың спортшылары 66 келі салмақ дәрежесінде Бауыржан Дауытов үшінші орынға, 100 келі салмақта Ерсайын Нияз да жүлделі үшінші орынды бағындырды. Ал түйе балуан жарысында Ерсайын Нияз бірінші орынды жеңіп алды. Биылғы жылғы спортшыларымыздың қол жеткізген жетістіктерін қорытындылай айтсақ жалпы аудан қоржынына түскен медальдардың саны 446-ға жетті. Оның 159 алтын, 108-і күміс болса, 179-ы қола медаль.

**- Нәтиже болған соң айтатын әңгіме де көп қой. Аудан аумағында спорт алаңдарын кеңейту, жаңарту, жаңадан салу сияқты жұмыстар қалай жүріп жатыр. «Туған жерге туыңды тік» жобасына жергілікті кәсіпкерлер тарапынан қолдау бар ма?**

– Туған жеріне қолдау көрсетіп, жаңадан спорт алаңдарын салып, жеткіншек жастарымызды қуантып жатқан азаматтар да баршылық. Өткен жылы Лабасы ауылдық округі Мәмбет ауылында «Туған жерге туыңды тік» жобасы аясында жерлесіміз «Құлагер» құрылыс компаниясының директоры Төкен Жылқайдарұлы Егінбаевтың демеушілігімен, 40 жылдық мектеп түлектері және ауыл азаматтарының бастамасымен жаздық шағын футбол алаңы салынды. Мұқыры ауылында жеке кәсіпкер, ауыл тумасы Мәулен Шапанбайұлы Мұқашев футбол, баскетбол, волейбол мен теннис алаңдарын іске қосып, жастардың игілігіне тапсырды. Сондай-ақ, аудандық мәслихаттың депутаты, кәсіпкер Қуат Әлдибекұлы Жүнісов аудан орталығының Жангелдин көшесінде заманға сай спорт алаңын тұрғызып, жастардың игілігіне берді. Қазіргі таңда «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Алғабас, Балпық би ауылындағы Мұсабек Сеңгірбаев атындағы орталық саябағына, спорт алаңына және орталық стадионның қасында дене шынықтыру, сауықтыру құрылыс кешенінің жұмыстары қызу қолға алынды. Аталған спорт кешендерінің жұмыстары келер жылдың жаз айларында толық аяқталып, аудан жастарының игілігіне беріледі. Сөз соңында айтарымыз, спортты серік еткен адам ғана биік мақсаттарды бағындыра алады.

**– Сұхбатыңызға көп рахмет!**

**Мәулетхан АҚСАНОВ,**
**«Қазақ спорты» газетінің тілшісі**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ЖЫЛ БАСЫ

# 2020 ЖЫЛ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?



**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МҮШЕЛДІК ЖЫЛ САНАУЫ ТЫШҚАН ЖЫЛЫНАН БАСТАЛАДЫ. ЖЫЛ АТТАРЫ НЕ СЕБЕПТІ ЖАНУАРЛАРДЫҢ АТЫМЕН АТАЛАТЫНЫ ЖӘНЕ ЖЫЛ БАСЫ НЕГЕ ТЫШҚАННАН БАСТАЛАТЫНЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА АҢЫЗ-ЕРТЕГІ БАР.**



Аңыз бойынша осы он екі жануар жыл атына ие болуға таласқан. Сонда тышқан тұрып: "Дауласатын дәнеңе жоқ, таңертең бәріміз шығып келе жатқан күнді аңдимыз. Сонда күннің көтеріліп келе жатқанын кім бірінші көрсе, сол - бірінші жылдың, одан кейін көргеніміз екінші жылдың атын аламыз. Осылай өз кезегімізбен барлық жылды бөліп аламыз", - деп ұсыныс жасаған.

Бұған келіскен жануарлар демалып жатқанда тышқан түйенің басына шығып алады. Осылайша ол күнді бәрінен бұрын көріп, жыл басы атанған. Ал түйе бойына сенiп, жылдан құр қалыпты деседі.

12 жылдық қайталама негізінде мүшелмен жыл есебін жүргізуді қазақ халқы "жыл қайыру" деп атайды. Талай жылдың тауқыметін, қызығын басынан өткізген тәжірибесі бай, ұғымды халық әр жылға тиісті баға беріп һәм соған сай күтініп те отырған.

Қазақтар тышқан жылын береке, ырыс, татулық пен тыныштықтың жылы деп санаған. Халықтың бұл сенімі көп жағдайда дәл келген. Шынында да тышқан жылында қиыншылық, жаугершілік, аштық көп болмады.

Тышқан жылының мыңдаған жылдық тарихына назар аударсақ, оның көп жылы аштықсыз, жаугершіліксіз, қиындықсыз, молшылықта өткен. Қанжығалы Бөгенбай батыр тышқан жылы (1684) туса, Төле би тышқан жылы (1756) қайтыс болған, алғаш Қазақ ордасы 1456 тышқан жылы құрылған.

Жыл санау туралы деректер VIII ғасырдағы "Күлтегін" ескерткіштері мен XI ғасырда өмір сүрген Махмұт Қашқаридың еңбектерінде кездеседі. Ал осыдан 5 ғасыр бұрын жазылған Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының "Шипагерлік баян" кітабында мүшел жыл белгілерінің ерекшеліктеріне қарай адам мінезі сипатталған.

Астролог мамандардың мінездемесіне сәйкес, тышқан жылы туғандардың мінезі тік, алғыр, бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін мол жауапкершілікке ие. Ал жаман қасиеттері - қызғаншақ, сатқын, кейде шыдамсыз, қырсықтау.

"Әділ, кең пейілді, жомарт жүректі және өз-өзін басқара біледі. Әркіммен тіл табыса білетін қасиетінің арқасында таныстары жетерлік. Бірақ нағыз досқа мұқтаж. Ақыл-ой жағынан алып бара жатқан ерекшелігі болмағанымен, алға қойған мақсатына жетпей тынбайтынына көпшілік тәнті. Үсті-басын таза ұстап, сақ жүреді. Думан-той, ырду-дырдудан бойын аулақ салуға тырысады. Мінезі – тәкаппар, сәл нәрсеге өкпелегіш. Олардан жақсы саудагер, жазушы, сыншы және публицист шығуы мүмкін", - дейді мамандар.

ТРЕНД-2020

*2019 жыл шалбарлы костюмдерімен, біртұтас (total look ) реңдегі киім үлгілерімен, миди ұзындықтағы белдемшелерімен және басқа да трендтермен есте қалды. Ал 2020 жылы қандай киімдер сәнде болады?*



# КЕЛЕР ЖЫЛДЫҢ КИІМ ҮЛГІСІ

***1. Клеш джинс шалбар.*** Келер жылы клеш джинс шалбар алдыңғы қатарда болады. Оның классикалық көк түсті және макси ұзындықтағы түріне мән беріңіз.

***2. Total look.*** Осы мерзімдегі секілді келер жылы да total look сәнде болады. Бастан аяққа дейін бір түсті киім кию ең сәнді үйлесім болып қала береді.

***3. 70 - жылдар стиліндегі жаға.*** 2020 жылы жағасы өте ұзын әрі үшкір жейде сәнде болады. Мұндай жейдені жилеттің немесе жемпірдің ішінен киіп, жағасын сыртқа шығарып қойсызы.

***4. Ұзын етік.*** Қонышы ұзын етік – сәннен шыға қоймайтын әрі жылы аяқ киімнің бірі. Егер күзде ұзын етік алмаған болсаңыз, оны қысқы жеңілдікпен алған артық етпейді. Себебі ол келер жылы да сәнде болады.

***5. Кең көйлек.*** Денеге жабыспайтын, ашық түсті oversize көйлектерге мән беріңіз. Оның матасы жеңіл және жұқа түрін алып, алдағы көктемде өзін, ал қазір жемпірдің ішінен кисеңіз болады.

***6. Былғары.*** Соңғы бірнеше мерзім қатарынан былғары сәнді трендтер қатарында келеді. Дизайнерлер келер жылдың көктемінде де былғары сәнде болатынын, тіпті, былғары киімді бастан аяққа дейін киюді де ұсынып отыр. Сондықтан былғары шалбар (немесе белдемше) мен былғары жейдені батыл үйлестіре беріңіз.

***7. Бермуд қысқа балақты шалбары.*** Тізеге дейінгі ұзындықтағы кең балақты шорты кеңсе үлгісіне де, күнделікті киім үлгісіне де келе береді. Оның былғары немесе деним түрін алсаңыз болады.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН




# ЖАҢАЖЫЛДЫҚ МАКИЯЖ

**Жаңа жылды қарсы алуға арналған кеште қыздардың көпшілігі әдемі және ерекше болып, жақсы көңіл күйде жүргісі келеді. Алайда өзіңіз жасаған макияж әркез сіз ойлағандай шықпайды. Оның себебі неде? Жаңа жыл кешіне арналған макияжды жасарда мына қателіктерді жібермеңіз.**

***1.Теріні мінсіз ету үшін тональді кремді көп жағу***

Кей қыздар теріні мінсіз етіп көрсетемін деп тональді кремді өте қалың жағады. Сондықтан ол беттегі «маска» ұқсап көрінеді. Қазір табиғилық трендте екенін және ол әдемі көрінетінін ұмытпаңыз. Бет әрлеушілер мұндай мәселе орын алмас үшін теріні алдын ала макияжға дайындауға кеңес береді. Ол үшін бет терісін жақсылап тазартып, ылғалдандырыңыз. Сол кезде тоналді крем қалың болса да, бетке жақсы сіңеді.

***2. Макияж ұзақ тұру үшін бояуды қабаттап жағу***

Мерекелік кеш басталғаннан кейін макияжыңыз бірнеше сағаттың ішінде кетіп қалады деп уайымдамаңыз. Көпшілік макияж ұзақ тұру үшін әр бояуды бірнеше реттен жағып, оның сыртынан арнайы спрей шашып жатады. Бұл әрекетіңізбен макияжыңызды бұзып аласыз. Макияж өз қалпында қалу үшін оның астына жағатын жақсы база қолдану ғана жеткілікті.

***3. Көз макияжына көп түстер қолдану***

Үйден өзіңіз көзіңізді бояғанда теньнің бірнеше түсін қолдансаңыз, ол сіз суреттерден көріп жүргендей шықпайды. Сондықтан көз пішінін айқындайтын бір немесе екі түсті қолданған жөн. Жаңа жылдық макияжға алтын немесе күміс реңкін қара, қоңыр немесе қою көк түсімен үйлестіруге болады.

***4. Теріні тым жылтырату***

Жаңа жыл болғасын, жылтыр көп болу керек. Ал теріні жылтыратуға көмектесетін құрал – хайлайтер. Әлеуметтік желілердегі қысқа видеолардан хайлайтерді беттің барлық бөлігіне және денесіне жағатынын жиі көреміз. Бірақ оны өмірде дәл солай қайталаудың қажеті жоқ. Хайлайтер жағу кезінде де шекті білу керек. Мысалы, бет әрлеушілер мұрнын визуалды түрде кішірейткісі келетіндерге хайлайтерді мұрынға жақпауды ұсынады, себебі ол, керісінше, көлем береді.

***5. «Жасанды қас» әсері***

Қарындашпен өте қалың немесе өте жіңішке қас салу макияжыңызды бірден бұзып жібереді. Оның орнына қасыңыздың табиғи пішінін табиғи түсті қарындашпен немесе теньмен жайлап қана айқындаңыз. Қастың қалыңдығы беттің басқа мүшелерімен үйлесіп тұруы керек.

***6. Көзге де, ерінге де екпін қою***

Егер кәсіби бет әрлеушіге барсаңыз, ол көзге де, ерінге де екпін қойылатын әдемі макияж жасап беруі мүмкін. Бірақ үйден олай жасасаңыз, макияж ойдағыдай шықпауы әбден мүмкін. Сондықтан макияж жасарда екпінді көз бен еріннің біреуіне ғана берген дұрыс.

***Материалдар Massaget.kz сайтынан алынды***

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары
Ақтанберді НАЗЫМҰЛЫ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші
Айсұлу ӘБІШЕВА — тілші

Кезекші редактор: А. АҚЫБАЕВА

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

**Редакция мекенжайы:** 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: *alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru*
Сайты: *alatau_gazeti*

Газет 07. 08. 2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 8098
Тапсырыс № 1710

Индекс 15534